



# Ұлттық ұлан - ел айбыны

# БҰРКІТ

№ 4 (94)  
2023 жыл

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының журналы  
Журнал Национальной гвардии Республики Казахстан





## БҰЛ САҢДА:



4

**ИСПЫТАНИЕ ПРОЙДЕНО**



8

**ҰЛТТЫҚ ҰЛАН ХАЛЫҚ АРАСЫНДА**



19

**ЖАҢА ҒАСЫРДАҒЫ ҮЛКЕН БЕЛЕСТЕР**



26

**ПУШКИ СТРЕЛЯЮТ ТОЧНО**



30

**БРОНЗА НАША**



32

**«МАҒЖАН СЕНГЕН ЖАСТАРМЫЗ»**

## 4 (94) 2023 жыл

Алғашқы нөмірі 2005 жылы жарық көрді.  
Журнал екі айда бір рет шығады.

“Ұлттық ұлан жаршысы” оқу-әдістемелік жинағы – журналдың қосымшасы болып табылады.

### МЕНШІК ИЕСІ:

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы.

### Бас редактор:

Ерболат Сұлтанов

### Редакция алқасы:

Үмбетов Қ.Ж., Тоқышев Қ.Ж.,  
Крамар А.А., Сұлтанов Е.М.,  
Қожахметов Қ.Ә., Сиырбаев А.М.,  
Сейітов Д.Б., Қайыркенов Р. Р.

### Көркемдік дизайн және беттеу:

Қажымұратов Е.М.

### Фототілші:

Парпура М.А.

Материалдарды көшіріп басқан кезде журналға сілтеме көрсетілуі тиіс.

Редакция жариялануға жолданған материалдарды қысқартуға, автор көзқарасын сақтай отырып, әдеби-көркем тұрғыдан өңдеуге құқылы. Қолжазбалар таратылмайды және қайтарылмайды. Фактілердің растығына және кейіпкерлердің аты-жөндерінің дұрыстығына, құпиялардың сақталуына – мақала авторы, баспа өнімінің сапасына – баспахана жауапты. Оқырмандармен байланыс тек журнал беттері арқылы жүргізіледі.

Басылымға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 23.01.2015 жылғы № 15076-Ж бұқаралық-ақпарат құралдары есебіне алу туралы куәлігі берілді.

Редакция мекен-жайы: 010000  
Астана қ., Жангелдин к., 2  
тел.: 8 (7172) 39-18-16, 72-40-30

«МЕДИАТУР» қоғамдық бірлестігі баспаханасында басылды. Астана қ., А. Иманова көшесі, 19

Теруге 10.09.2023 ж. берілді.  
Баспаға 06.10.2023 ж. жіберілді.  
Қағаз форматы – А4

Таралымы 1500 дана  
Тапсырыс № 004

## Мазмұны

4

Испытание пройдено  
**Пресс-служба Национальной гвардии РК**

5

Абай - ұланғайыр әлем  
**Тұмар АСЫЛ**

7

Құқықтық тәртіп әскері Конституция күнін атап өтті  
**Құралай ҚОҢЫРАТБАЕВА**

8

Ұлттық ұлан халық арасында  
**Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ**

19

Бағындырған белестер баршылық  
**Алияр ДҮЙСЕНБАЙ**

22

На страже чистоты  
**Руслан КАЙЫРКЕНОВ**

26

Пушки стреляют точно  
**Алтай СИЫРБАЕВ**

30

Бронза наша!  
**Ботагоз ШАЙХИНА**

32

«Мағжан сенген жастармыз!»  
**Құралай ЖҰМАҚЫЗЫ**

37

Шехназа Сейітқазықызы: Үлкен сахнаға алғаш рет шетелде шықтым  
**Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ**

# ИСПЫТАНИЕ ПРОЙДЕНО

С 9 по 12 июля 2023 года на базе Учебного центра воинской части 5518 регионального командования «Шығыс» Национальной гвардии РК, расположенного в городе Усть-Каменогорск был проведен заключительный этап квалификационных испытаний военнослужащих подразделений специального назначения Национальной гвардии на право ношения крапового берета.



Ежегодно для повышения уровня боевой и специальной подготовки военнослужащих, получения и усвоения ими специальных знаний и навыков ежегодно проводятся квалификационные испытания на право ношения крапового берета считающегося для бойцов подразделения почетным. Эти мероприятия проводятся в разное время года, а также в разных зонах рельефа. Главным требованием испытаний является максимальная боеготовность сотрудников подразделений специального назначения, отработка специальных знаний и методов, необходимых для выполнения поставленных задач.

По доброй традиции на мероприятие были приглашены представители специальных подразделений, силовых структур и государственных органов страны.

В этом году в испытании участвовало свыше 80 военнослужащих. Чтобы получить допуск к экзаменам они предварительно сдали теоретическое тестирование, экзамен по физической подготовке, высотную подготовку, спуск со специальными устройствами, подготовку по связи, медицинскую подготовку и др.

Кандидатов в краповики ждал 30-тикилометровый марш по живописным горным хребтам. Перед ними отрывался вид на полям полевой травы, пшеницы и льна. Под палящим солнцем температура воздуха достигала отметки в 39 градусов по Цельсию выше нуля.

- Во время совершения марша кандидаты сдавали нормативы по передвижению зигзагообразно по-пластунски на расстояние в 100 метров за 6 минут, отрыгтию одиночного окопа за 25 минут 175 сантиметров в длину, 30 в глубину и 60 в ширину, наложение жгута за 25 секунд и перетаскивание «раненого» товарища на 100 метров за 1 минуту и 10 секунд. Затем было преодоление заражённого участка местности в противобазах 400 метров за 2 минуты 15 секунд и последующий марш бросок до палаточного лагеря, - рассказал об испытаниях военнослужащий подразделений специального назначения «Бүркіт» с позывным «Зверь».

Каждый кандидат в «краповики» столкнулся с физическими и психологическими вызовами во время этого марша. Они демонстрировали выносливость, силу воли и сплочен-

ность в команде, чтобы преодолеть трудности и достичь финишной точки.

На последнем этапе испытаний кандидаты преодолевают полосу препятствий со штурмом бетонных трехметровых стен, и перемещением по-пластунски 200 метров под натянутой проволокой.

Однако, следует отметить, что на последнем этапе испытаний введены дополнительные элементы для укрепления стрессоустойчивости кандидатов. Рядом с полосой препятствий происходят взрывы специальных взрывпакетов, загруженных тротилом, а также проводится стрельба боевыми патронами. Это создает условия, приближенные к полевым ситуациям, и проверяет реакцию кандидатов на стрессовые ситуации.

Сразу после полосы препятствий кандидаты вступают в рукопашный бой. Сначала они сражаются между собой, а далее с обладателями краповых беретов. Получить краповый берет может только тот кандидат, который выдержал тяжелые удары краповиков и простоял 3 раунда по 3 минуты.

После завершения боев начальник Центра подразделений специального назначения Национальной гвардии полковник Евгений Родиков провел инструктаж по вооружению, экипировке и предметам индивидуальной защиты, состоящих на довольствии военнослужащих подразделений специального назначения «Бүркіт» для министра внутренних дел Марата Ахмеджанова, Главнокомандующего Национальной гвардией Еркина Ботаканова и представителей делегации из Узбекистана.

Позже, в торжественной обстановке, 19 претендентов, которые успешно прошли все испытания и выдержали трудности последнего этапа, были награждены своими заветными краповыми беретами.

- Вы сегодня прошли сложные испытания, как физические, так и моральные. Ваша дисциплина, преданность и профессионализм являются образцом для молодого поколения, и всех военнослужащих войск правопорядка.

Хочу также отметить, что ваш успех не был возможен без поддержки и подготовки со стороны ваших командиров, инструкторов и всего



коллектива, в котором вы проходите воинскую службу. Ваше высокое мастерство и совместная служба способствуют созданию таких элитных подразделений, которые готовы противостоять любым вызовам и угрозам, защищать нашу Родину, - отметил министр внутренних дел генерал-полковник полиции Марат Ахмеджанов.

Семьи и друзья, присутствующие на церемонии, тоже не скрывали своей радости и гордости за своих близких. Они знали, сколько усилий и труда было вложено в подготовку кандидатов, и теперь они могли видеть результаты этой работы. Это был особый момент, который запомнится на всю жизнь.

- В целях реализации поручения Главы государства Касым-Жомарта Токаева по количественному и качественному укреплению Национальной гвардии и по указанию Министра внутренних дел генерал-полковника полиции Марата Ахмеджанова в Национальной гвардии в 2022 году было увеличено количество подразделений специального назначения. В Национальной гвардии квалификационные испытания проводятся ежегодно в различных климатических поясах нашей страны. Необходимо отметить, что немногим, даже хорошо подготовленным военнослужащим, удалось пройти весь маршрут испытаний с полной выкладкой. В итоге все этапы испытаний прошли 19 военнослужащих.



- Я от имени Главного командования Национальной гвардии и от себя лично поздравляю новых обладателей символа спецназа с вступлением в братство краповых беретов, а ветеранов спецназа - с очередным пополнением, - сказал заместитель министра внутренних дел РК – Главнокомандующий Национальной гвардией генерал-лейтенант Еркин Ботаканов.

В свою очередь, за вклад в развитие подразделений специального назначения «Бүркіт» краповый берет был вручен министру внутренних дел генерал-полковнику полиции Марату Ахмеджанову.

Стоит отметить, что экзамен и уровень подготовленности бойцов специального подразделения «Бүркіт» получили высокую оценку со стороны наших коллег из Респуб-

лики Узбекистан. Они выразили признательность командованию Национальной гвардии Республики Казахстан за предоставленную им возможность быть свидетелями одного из важных исторических моментов в жизни спецназа.

- Прохождение данного испытания стало для меня незабываемым опытом. После преодоления марша и полосы препятствий я оказался лицом к лицу с соперниками, которые также стремились к победе. Рукопашный бой стал последним вызовом на пути к заветному краповому берету. Я боролся, несмотря на усталость и боль, и отчаянно защищался от ударов опытных обладателей беретов. Чувство адреналина пронизывало меня, и я не собирался сдаваться. В итоге я смог продержаться три раунда по три минуты.

Мое сердце наполнилось гордостью и радостью, когда мне был вручен краповый берет. Этот символ стал не только признанием моих усилий, но и знаком принадлежности к элитным бойцам подразделений специального назначения Национальной гвардии, - делится своими впечатлениями новоиспеченный обладатель крапового берета с позывным «Ричи».

Каждый кандидат, который преодолел полосу препятствий, сразился в рукопашном бою и выдержал тяжелые удары краповиков, заслужил свой заветный краповый берет. Это знак признания и почета, который олицетворяет силу, мужество и преданность Родине. Участники испытания на личном примере продемонстрировали свою готовность защищать нашу страну.

Пресс-служба  
Национальной гвардии РК



# АБАЙ – ҰЛАНҒАЙЫР ӘЛЕМ

10 тамыз – Абай күні. 2020 жылы Үкіметтің арнайы қаулысы шығып, «10 тамыз – Абай күні» деп бекітілген болатын. Осылайша, отандастарымыз ұлы тұлғаның туындыларымен терең танысатын болады.



А.Картаеваның «Абай және Өуезов: ұлылар үндестігі» атты монографиясына сүйене отырып, ұлы ақынның шығармашылық мұрасына, Абай мен Мұхтар Өуезовтің шығармашылық әлеміндегі рухани тамырластық пен дәстүр сабақтастығына тоқталуға тырыстық.

«Абайдың ақындық өнері мен ойшылдық кемеңгерлігін дер кезінде дәл танып, қазақ әдебиетіндегі жоғары бағасын берген – Алаш әдебиетін жасаған қаламгерлер. Олар Абайдың ақындығын үлгі тұтып, дәстүрін жалғастырып, өзіндік жаңалықтарымен қазақ әдебиетін байытты» деп жазады автор монографиясында.

Академик Рымғали Нұрғалидың «Абай шығармаларындағы сарын – әуезді, ой-пікірді, идея-нысананы Алаш азаматтары терең сезіп, тебірене насихаттай білген» деп жазған пікірі бар. Қазақ әдебиетіндегі Абай салған даңғыл жолды Алаш қаламгерлері жалғады. Ақынның қоғамдық үні олар үшін үнемі алға бастар бағдардай болды. Ақын поэзиясының үні, өзекжарды мәселелері мен идеялық мақсаты олардың шығармаларында өрістеп дами түсті. Абайдың азаматтық үнінен қуат алған олар бүкіл алаштың басын біріктіруді міндет етті.

«..Абайдың үміт еткен жасөспірім достары ойланды және сол Абай аңдатқан рухани бостандықты ту етті де, мұқым ұлттық мүддені «Алаш» деген ұранға біріктірді. Азаттық, рухани тәуелсіздікке ұшқын түсірген Абайдың ойлы сөзі еді. Азаттық жолына біржола түскен тұсында Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұр-

сыновтың, Мұхамеджан Тынышбаев пен Міржақып Дулатовтың, Сұлтанмахмұт пен Мағжанның Абайды терең зерттеуі соған дәлел. Демек, Абай – қазақтың ұлттық рухын өлтірмей, өсер ұрпаққа тірі жеткізген елінің ұлы ұлтжанды тұлғасы» деген ғалым Тұрсын Жұртбайдың сөзінің астарында терең тарихтың парактары жатыр.

2006 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты он томдық ұжымдық еңбекте авторлар ұлттық әдебиеттің жедел дамуына қосқан үлесін салмақтап жазады. Онда ұлттық әдебиеттің өрісін кеңейтіп, өресін биіктетуге Абайдай дананың сіңірген еңбегі орасан зор екенін сөз етеді. XX ғасырдан бастап жаңа қазақ әдебиетінің өркендеуіне Абай дәстүрінің әсері болғаны айтылады. Халықты мәдени өркендеуге, өнербілімді, ғылымды игеруге шақырған Абайдың идеяларынан, Абай заманынан бастау алса, жаңа ғасыр басындағы қоғамдық жағдайда сол озат идеялар жалғасын тауып, жаңаша мағына алып, ұлттық ояну, азаттық үшін күресу идеясы ұлттық ұранға айналғаны жазылады.

Абай өздігінен ұлы ақын болған жоқ. Ақынның өзгеден алған және өзгелерге берген нәрі де бар. Өзгеден алған нәрі туралы айтқанда, өскен ортасы, ақындық айналасы, сусындаған рухани қазына көздеріне терең үңілгеніміз жөн. Абайдың асқан ақындық және данышпандық қасиетке жетуіне себепші болған М.Өуезов атап көрсеткен үш қайнар бұлағы еді. Мәдениеттің, өнердің, адамгершіліктің мол үш арнасы

данышпан ұлы ақынның шығармашылығына рухани азық болады.

Аталған үлкен үш арна Абайдың тек ақындық қабілетіне әсерін тигізіп қана қоймай, оған рухани азық болып, ой-өрісін, дүниеге көзқарасын өзгертіп, ақындық өнеріне жаңа жол ашты.

Абай ең алдымен халық даналығынан сусындайды, сөз байлығы, өнерпаздық үлгісінен нәр алады. Шешендік орамды сөз сөйлеу мен қисынды кесек ой тастауды өз ортасынан үйренеді. Тамыры тереңде жатқан халқымыздың бай ауыз әдебиетінен, бірнеше ғасыр бойы кеңінен қанат жайып өркендеген жыраулар поэзиясынан, өзіне дейінгі ақындар поэзиясынан үлгі алып, қанаттанады.

Жалпы дәстүр, оның ішінде поэзиядағы дәстүр дамиды, өзгеріп, өседі, жаңғырып, жаңарады. Бірақ ол үшін көбінесе халықтың өмірінде, санасында, көркемдік дүниетанымында жаңа бетбұрыс, үрдіс, даму, өзгеше бір жайттар болуы қажет. Міне, осы талаптарға сай туындап, жалпы қазақ әдебиетіне келген ұланғайыр әлем, ерекше бір құбылыс – Абай поэзиясы, Абай әлемі, Абай дәстүрі болғаны айқын.

Қазақ әдебиетіндегі ұлы дәстүр – Абай дәстүрі. «Абай дәстүрі» деген ұғымның сан-салалы, күрделі екендігі баршаға мәлім. Абай мұрасы тақырып, мазмұн жағынан алғанда да, ақындық өнер, шеберлік тұрғысынан келгенде де ұланғайыр. Қазақ әдебиеті тарихында Абай дәстүрі деген ұғымның қалыптасып, кең қанат жайғаны бүгінгі әдеби үрдістің даму барысында зор маңызын көрсетіп отыр. Себебі «Абай дәстүрі» деген тақырып – өте кең, ауқымды әрі өзекті, ғылыми айналымға түскен сала. Абай дәстүрінің Шәкәрім шығармашылығындағы жалғастығын зерттеген ғалым Б.Әбдіғазиевтің пікірінде «Абай дәстүрі – қазақ әдебиетінің даму тарихында заңды жалғасын тауып, жан-жақты байып келе жатқан асыл арна» делінген.

Абайдың ізін басқан ақындар қазақ әдебиетін одан әрі өсіріп, оны жаңа тақырыптармен байытты. Абай ізбасарларының сол замандағы күрделі мәселелерді қозғап, шеше білгені – Абай дәстүрінің жалғастығының айқын айғағы.

Тұмар АСЫЛ,  
«Сақшы» газетінен

# ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП ӘСКЕРІ КОНСТИТУЦИЯ КҮНІН АТАП ӨТТІ

29 тамызда Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығында Ата Заң күніне арналған мерекелік шара өтті. Салтанатты жиынға Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының жеке құрамы мен әскердің ардагерлері қатысты.

Шара Үлгілі-көрсетімді оркестрінің сүйемелдеуімен Мемлекеттік Әнұранның шырқалуымен басталды және жүргізушілер Ата Заңның мәртебесі туралы қысқаша ақпаратпен таныстырды. Ұландықтарды мерекемен Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстары жөніндегі орынбасары Халық қаһарманы генерал-майор Қайрат Үмбетов құттықтады:

– Бүгінгі таңда адамның бостандығы мен конституциялық құқықтарын қорғау жолында Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне ерекше жоғары жауапкершілік жүктеледі. Мемлекет басшысын әскерлердің тыныс-тіршілігі үнемі қызықтырады. Оның басты назарының арқасында Ұлттық ұлан қазір күшті кадрлық және техникалық әлеуетке, жедел іс-әрекет ететін, жақсы жабдықталған мобилді бөлімшелерге ие. Ұлттық ұлан әрқашан қылмысқа қарсы тосқауыл қоюға, азаматтардың конституциялық құқықтарын мен



бостандықтарын қорғауға, елдегі тиісті құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға және қамтама-



сыз етуге қабілетті қуатты мемлекеттік жүйе ретінде әрекет етіп келеді.

Осы мереке күні құқық қорғау әскерінің қалыптасуы мен дамуының бастауында тұрған ардагерлерімізге ерекше алғыс айтуымыз керек. Олар қатарымызда жүріп жас офицерлерді оқытып, бүгінгі күні тәжірибе алма-

– деді.

Сонымен қатар, қызметтік міндеттерін адал атқарып, үздік жетістіктерге қол жеткізген әскери қызметшілер Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының бұйрығымен марапат-

талды.

Ардагерлер атынан сөз алған Ұлттық ұлан Ардагерлер кеңесінің төрағасы генерал-майор Тоқышев Қалиақпар Жұбанышұлы да өзінің жылы лебізі мен тілегін жеткізді.

– Бүгінде Ұлттық ұланға ерекше көңіл бөлініп жатыр. Әскердің қару-жарақтары және техникалары жаңартылды. Барлық жағдай жасалуда. Сондықтан біздер қолда бар тәуелсіздігімізді мәңгі сақтауымыз керек.

Баршаларыңызды Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ата Заңымызға адалдық танытып, болашаққа зор сеніммен қадам баса беріңіздер. Еліміздің гүлденуі жолындағы қызметтеріңіз табысты болсын! – деді генерал-майор Қалиақпар Тоқышев.

Шара соңы патриоттық тақырыпта әзірленген Ұлттық ұлан Ән-би Ансамблінің мерекелік концертімен жалғасты.

Лейтенант  
Құралай ҚОҢЫРАТБАЕВА

# Ұлттық ұлан халық арасында



Елімізде қазақстандық патриотизмді нығайтуға деген талпыныс байқалады. Атамекеніне адал жастарды көптеп қалыптастыру - мемлекеттік деңгейдегі мәселе. Осы ретте Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақановтың шешімімен ақпараттық-насихат тобы құрылып, шекара шебіндегі өңірлерге аттанған еді.

## Сарбаздар арасындағы думан

10 шілде күні Өскемен қаласындағы 5518 әскери бөлімінде Ұлттық ұлан Ән-би ансамблінің «Ұлттық ұлан – ұлт рухы» концерті өтті.

Концертті Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары Халық қаһарманы генерал-майор Қайрат Үмбетов, әскери бөлім офицерлері және сержанттар мен сарбаздар тамашалады.

Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақановтың шешімімен Абай, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарына ақпараттық-насихаттық топ жіберілді. Біздің мақсатымыз - әскери қызметшілер мен азаматтық жастарды қазақстандық патриотизм мен конституциялық борышқа адалдық рухында тәрбиелеу, Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұланның имиджін нығайту, азаматтардың әскери қызметшілерге, олар

орындайтын қызметтік-жауынгерлік міндеттерге деген оң көзқарасын қалыптастыру. Осы мақсатпен сіздерге де соғуды жөн көрдік. Сондай-ақ осы залға жиналған 5518 әскери бөлімінің сарбаздарын алғашқы әскери дайындық оқуын аяқтауларымен құттықтаймын. Отан алдындағы міндеттеріңізді Ұлттық ұлан қатарында, құқықтық тәртіп әскері

құрамында абыроймен атқарасыздар деп сенемін. Ұлттық ұлан сапында қызмет ету абыройлы міндет. Жақын күндері Әскери ант қабылдайсыздар. Кейінгі өмірлеріңізді Ұлттық ұланмен байланыстыруға үлкен мүмкіндіктер бар. Ал бүгінгі концерт сіздерге рухани азық болатыны сөзсіз. Сіздерге Ұлттық ұлан қатарында әскери борышын өтеген, бүгінде Ән-би ансамлінде өнер көрсететін әскери қызметшілердің әзірлеп әкелген өнерлерін ұсынамыз, – деді сарбаздар алдында сөйлеген әскердің Бас тәрбиешісі.

Осыдан кейін өнерпаздар офицерлер мен сержанттарға және сарбаздарға әннен шашу шашты. Сахнада «Ұлттық ұлан», «Құсни Қорлан», Біздің елдің жігіттері», «Аузынан айдың түскен қыз», «Мағжан сенген жастармыз», «Қазақстан», «Елім-ай», «Туған жер» және «Елдің қорғаны» әндері орындалды. Хор жігіттері шырқаған әндер де көрермен көңілінен шықты. Сарбаздар биші қыздарға ықылас гүлін сиалап, әншілерден қошеметін аямады. Патриоттық әндер айтылғанда бәрі де орындарынан тұрып, еліміздің көк байрағын желбіретіп тұрды.

## Қарттардың батасын алды

11 шілде күні Ұлттық ұланның ақпараттық-насихат тобын ШҚО-ға бастап келген Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі





орынбасары Халық қаһарманы генерал-майор Қайрат Үмбетов бір топ өнерпаздармен бірге Глубоковский ауданы Солнечное кентіндегі қарттар үйіне бас сұқты.

Бұл жолы ақпараттық-насихат тобымен бірге Ұлттық ұлан ардагері генерал-майор Дәулет Салханов, запастағы полковник Айдар Оразбаев және ШҚО Полиция департаменті бастығының орынбасары полиция полковнигі Медет Бердімұратов болды.

Әскердің Бас тәрбиешісі қариялардың хәл-жағдайымен танысып, Астана күні мерекесімен құттықтады.

– Біз сіздерге былтыр да келгенбіз. Биыл да Өскеменде ақпараттық-насихат тобының жұмысы жалғасуда. Кеше Ұлттық ұлан Өн-би ансамблінің қатысуымен 5518 әскери бөлімінде бірінші концертімізді өткіздік. Ал бүгін сіздерге Астана күні мерейтойы қарсаңында мерекелік көңіл-күй сыйлап кетуді жөн көрдік. Сіздермен байланысымыз үзілмейді, – деді Қайрат Жарылқасынұлы.

Сондай-ақ, генерал-майор Қайрат Үмбетов Шығыс Қазақстан облысы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының «Өскемен арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне арнайы әкелген сыйлығын тарту етті.

– 120 қартты бағып-қағып отырған біздің мекемемізге Халық қаһарманының келуі үлкен мәртебе. Бізге қарай атбасын бұрғандарыңызға қуаныштымыз. Келген қадамдарыңыз құтты болсын! Өн-би ансамблінің қыз-жігіттеріне де айтар

алғысымыз айрықша. Өнерлеріңіз үстем болсын! – деді қарттар үйінің директоры Ерболат Ошақбаев.

Жылы лебізге толы жүздесу концерттік бағдарламамен жалғасты. Сахна шымылдығы бард әнші Асхат Әмірғалидің орындауындағы «Ақ махаббат» әнімен ашылды. Келесі кезекте жыршы Сәкен Әлімхан «Желдірме» термесін орындады. Ал әнші Дихан Ильяшев «Қазақ осы» әнін шырқады. Көрермендер хормен айтылған әндерді ұйып тындады. «Дәуір» триосы ақсақалдар мен ақ жаулықты аналардың жастық шағынан сыр шертетін ескі әндерді әуелетті.

– Өрі әскери қызметкер, әрі әнші қыз-жігіттердің өнеріне тәнті болдық. Солист Денис Яковлев «Құсни Қорлан» әнін қазақ тілінде шырқағанда көзіме жас ұялады. Талабы таудай жастарға басымды иіп, осындағы үлкендердің атынан алғыс айтамын. Қызметте табысты болындар! Жолдарың ашық, бақытты болғайсындар! – деді Тұрсын Қусанова есімді зейнеткер.

Осыдан кейін өнерпаздар қарияларды ортаға алып естелік суретке түсті. Көпті көрген үлкендер жағы қонақтарға батасын беріп, алғысын жаудырды.

#### **Ерекше қажеттілігі бар балаларды қуантты**

Қазыналы қарттардың батасын алған ақпараттық-насихат тобы келесі күні таңертең концерттік бағдарламамен «Мархабат» түзету балабақшасына барып, тәрбиеленушілерге ерекше көңіл күй сыйлады.

Іс-шараға генерал-майор Қайрат Үмбетов арнайы қатысты. Қонақтар

дың арасында «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының ТжӘҚЖ жөніндегі орынбасары полковник Атабек Салихбаев та болды.

Ақпараттық-насихаттық топты бастап келген генерал-майор Қайрат Үмбетов сапарларының мән-жайын түсіндіріп, мекеме қызметкерлеріне қоғам игілігі жолында атқарып жүрген жұмыстары үшін алғысын білдірді. Сондай-ақ балаларға мықты денсаулық тіледі. Сонымен қатар оңалту мекемесіне Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының атынан арнайы сыйлық тарту етті.

Дамуы мен жетілуінде мәселелері бар балалар мен жасөспірімдер орталығының бөлім меңгерушісі Гүлшат Муталипова меймандарға алғыс білдірді.

– Біздің тәрбиеленушілерімізге Ұлттық ұлан өнерпаздары ұсынған концерт ұнады. Өйткені, бізге кәсіби әншілер жиі келе бермейді. Сондықтан болар олар қонақтарымызды кешеден бері күтіп жүрді. Ал бүгін біздің балалар әскери қызметшілермен қосылып ән салды, тіпті олармен бірге биледі. Жүздерінен қуанғандары көрініп тұр. Оның үстіне балаларға деген базарлықтары бар екен. Біздің балаларды елеп, ескергені үшін біздер де қуанып қалдық. Ансамбль ұжымының көрсеткен өнері де керемет! – деді Гүлшат Ғұмарбекқызы.

Концерттік бағдарлама барысында рухты және көңілді шығармалар айтылды. Осылайша, дамуында мәселелері бар жандар өздерінің қоғамның толық бір мүшесі екенін сезінгендей болды. Кездесу соңында түзету балабақшасының тәрбиеленушілері атынан келушілерге Эрик Жұмағалиев пен Евгений Дерябин лебізін арнады.

«Бізге келіп, керемет көңіл-күй сыйлағандарыңыз үшін рахмет! Өрқашан жолдарыңыз ашық болғай. Мақсаттарыңыз орындала берсін. Бізге жиі келіп тұрыңыздар», деді Эрик Жұмағалиев есімді бала.

Евгений Дерябин болса түймелерден бейнеленген күн астындағы ағаштың кескінін Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығына сыйға тартты. Мұны ол өз қолымен дайындаған. Әскердің Бас тәрбиешісі балаларға алғыс айтып, олардың қолдан жасаған бұйымдары Ұлттық ұлан музейінен өз орнын табатынына сендірді

**Өскемендіктерді тәңті етті**

Ұлттық ұлан Ән-би ансамблінің «Ұлттық ұлан – ұлт рухы» концерті Өскемен қаласында орналасқан облыстық Достық үйінде жалғасты.

Елорда қонақтарының концерттік бағдарламасына облыстық полиция департаментінің қызметкерлері, «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының әскери бөлімдерінің әскери қызметшілері және олардың отбасы мүшелерімен бірге өңірде жұмыс сапарымен жүрген Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақанов бастаған Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығының генералдары мен офицерлері келді.

Патриоттық сарындағы халық әндері мен заманау музыкалық шығармалар ұсынылған кеш тізгінін Ақбота Болатқызы мен Аманжол Хасенов ұстады. Музыкалық бағдарлама «Ұлттық ұлан» әнімен басталды. Солистерді ансамбльдің көркемдік жетекшісі аға лейтенант Алпамыс Асылбектің дирижерлік етуімен күллі ұжым сүйемелдеп отырды. Сондай-ақ «Ұландар» биімен сахна төріне көтерілген бишілер кештің көрігін қыздырды.

«Думанды кешке отбасымды алып келдім. Рухани кеш жұбайымның да көңілінен шықты. Өңірлердегі біз секілді азаматтар үшін ел астанасынан арнайы келген Ұлттық ұлан қызметкерлеріне алғысымыз шексіз. Өңірлер өз шығармашылықтарын жоғары шеберлікпен жеткізе білді. Ризамыз! Қыздарыма да ұнаған сияқты. Жалпы, мұндай іс-шара азаматтық ортада жүрген қыз-жігіттерді әскери өмірге қызықтырып, Отанға

деген сүйіспеншілікті арттырады сөзсіз. Өйткені, концертте рухты ән-жыр көп болды. Өздері өзге ұлт өкілі болса да, қазақтың дәстүрлі әндерін нақышына келтіре орындаған жігіттерге тәңті болғанымды қалай жасырайын?! Қыз-жігіттердің бәрі де бірінен-бірі өтетін талантты екен. Рухани тұрғыда бір жасап қалдық», деді қала тұрғыны Медет Әскербеков.

Әнсүйер қауымға «Сайра бұлбұл», «Домбыра», «Қазағым жаса», «Карузо», «Ертісім», «Туған дала», «Атамекен», «Полиция мақтанышым», «Елдің қорғаны» секілді әндер тарту етілді. Сондай-ақ «Абай әндері», «Шәмші әндері», «Любовь уставших лебедей» секілді попуррилер орындалды. Ал мың бұралған қыз-жігіттер «Just time», «Домбыра аңызы» билерін ұсынды. Осы ретте дирижерлер Олег Файхнер мен Самат Матаевтың да шеберлігін атап өткен жөн.

«Бүгін концерт өтетіні жайлы ақпаратты кездейсоқ хабарламадан көрген соң келдім. Келгенім мұндай жақсы болар ма?! Сахнада шырқалған әндерді ұйып тыңдадым. Жүрек қылын қозғайтын керемет әндер айтылды. Өнерпаздардың өнерін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Маған қатты ұнады!», деді Галина Величко есімді көрермен.

Бұдан бөлек Ұлттық ұланның элитасы саналатын Құрмет қарауылы ротасы көрсеткен «Silkway» деп аталатын дефиле түрі көптің көңілінен шықты. Сонымен қатар іс-шараға Шығыс Қазақстан облысы Полиция департаментінің квартеті де қатысты. Олар «Мен қазақтың ұлымын», «Полиция ұраны» әндерін

шырқады. Кеш соңында өнерпаздарға ШҚО Полиция департаменті атынан ықылас гүлі табысталды.

**Ұлттық өнерді айшықтаған ұландар**

Ұлы даланың ұлы мұраттарын орындауда тыныштықтың қамалына айнала білген Ұлттық ұланның Ән-би ансамблі келесі күні де Өскемен қаласындағы ақпараттық-насихаттық жұмыстарды жандандыра түсті. 12 шілде күні «Ертіс концерт» қалалық мәдениет үйінде «Ұлттық ұлан – ұлт рухы» концерті ұйымдастырылды.

Іс-шараны тамашалауға қала тұрғындары мен қонақтарынан бөлек Ұлттық ұланның және облыстық күш құрылымдарының басшылары мен жеке құрамы жиналды. Сондай-ақ залда сол күні күрең берет иеленген арнайы жасақ жауынгерлері мен аталған біліктілік сынағына арнайы келген Өзбекстан делегациясының әскерилері де болды.

Ұлттық ұланның Ән-би ансамблі жұртшылыққа репертуарларындағы айшықты әндерді ұсынды. Сонымен қатар ерлер хоры мен бишілер тобы көрермен көзайымына айналды. Ал Құрмет ротасының қарауылы көрсеткен дефиле көптің ықыласына бөленді.

Бүгінгі концерттік бағдарламада «Күрең берет-2023» іс-шарасының ақтық сынынан өтіп, күрең беретке лайық деп танылған «Бүркіт» арнайы жасағының 19 жауынгері де қатысты. Сондықтан болар музыкалық бағдарлама барысында арнайы жасақ жауынгерлеріне арналған «Бүркіт» фильмінің трейлері көрсетілді. Ал ерлер хоры үздік жауын-





герлердің құрметіне «Біз болмасақ, онда кім» әнін шырқады. Өзбекстандық меймандар үшін «Дәуір» триосы «Шайхана» әнін тамылжытып, қонақжайлықтарын көрсетті. Ансамбль бастығы аға лейтенант Алпамыс Асылбектің дирижерлігімен «Екі жирен», «Матросский танец» номері орындалды. Ал Самат Матаевтың дирижерлік етуімен хор жігіттері «Конь», «Когда мы были на войне» секілді әндерді әуелетті. Тағы бір атап өтетін, жайт кеш барысында ұлттық аспаптардың көмегімен халық әндері шырқалды.

Өнерпаздардың өнерін көруге келген тыңдармандардың қарасы көп болды. Олардың ішінде жасы да, жасамысы да кезігеді.

– Концертке отбасымызбен келдік. Рухты әндер іштегі бір мақтаныш сезімін оятады екен. Маған Ұлттық ұлан элитасының қару-жарақпен көрсеткен дефилесі қатты ұнады. Кішкентай ұлым солар өнер көрсеткен кезде кірпік-қақпай қарап отырды. Әр номер сайын балаларым қол шапалақтап, ризашылығын жасырмады, – деді Балауса Әкімжанова есімді жас ана бүгінгі кештен алған әсерімен бөлісіп.

Көрермендер арасында әскери салада қызмет ететін әскери қызметшілер де көп болды. Балауса Әкімжанованың жолдасы сондай жандардың бірі болып шықты.

«Меніңше, барлығы жақсы ұйымдастырылған. Осындай мәдени шаралар жастардың елге деген патриоттық сезімін оятып, әскерилерге деген көзқарастарына әсер етеді. Сондықтан мұндай концерттік бағдарламалардың маңызы зор деп санаймын», деді 2012 жылдан бері Ұлттық ұланда қызмет етіп келе жатқан 6699 әскери бөлімінің кіші сержанты Тимур Әкімжанов.

Бұл жолы мәдениет үйіне жастар ғана емес, үлкендер де көп келген. Олардың арасында ақсақалдар мен ақ жаулықты аналар да бар.

«Концерт ұнады! Көп халық жиналған екен. Кейбіреулері орын таппай түрегеп тұрды. Ұлттық ұланның әскери қызметшілері өскемендіктерге ұлттық өнерімізді көрсетіп, шеберліктерін байқатты. Олар қазақтың ән-жырын айтып қана қоймай, қазіргі әскердің айбарын да танытуға тырысты. Сондықтан да елдің көңілінен шықты деп үміттенемін.



Олай дейтін тағы бір себебіміз: әр номерден кейін айналадағы адамдар өнерпаздарға қошеметтерін білдіріп отырды. Осындай іс-шаралар жиі ұйымдастырыла бергей. Бастысы – Отанымыз аман болғай!» деді зейнеткер Бақытбек Тілешов.

Ақпараттық-насихаттық топ мүшелері жергілікті жұрттың өз өнерлеріне берген бағасы үшін дән риза.

«Бұл біздің Өскемен қаласына бірінші рет келуіміз емес. Бұған дейін де бірнеше мәрте келіп, осында өнер көрсеткен болатынбыз. Сондықтан да мен бұл қаланың тұрғындарының бізді қалай қарсы алатынын, бізді қалай қолдайтынын жақсы білемін. Өйткені олар әрқез ұландықтарды ыстық ықыласпен, жылы шырайда қарсы алады. Ал өз жұмысымызға келер болсақ, кейде көпшілік бізді тек қана әскери ән айтады деп қана ойлайды. Бұл – қате пікір. Біздің бағдарламамыз әртүрлі жанрадағы, әртүрлі тілде жазылған жан-жақты шығармалармен толыққан. Олардың орындалу стилі де әр алуан. Хор бағдарламасы да өз ішінде әртарапқа бөлінген», деді ерлер хорының жетекшісі ефрейтор Бауыржан Алтынбеков.

Осылайша, Шығыс өңірінің орталығындағы концерттік бағдарламалар мәресіне жетті.

#### **Ержүрек батырларға тағзым**

13 шілде күні әскердің бас тәрбиешісі генерал-майор Қайрат Үмбетов Ертіс өзенінің жағасындағы Ауған соғысының құрбандарына арналған Мәңгілік алау ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Ол жат жерде жүріп Отан алдындағы борышын адал атқарған ерен ерлердің ерлігін

баяндап, рухтарына тағзым етті.

«Біз бүгін Ауған жерінде қаза тапқан интернационалист-жауынгерлерімізді еске алып отырмыз. Сондай-ақ 1995 жылы тәжік-ауған шекарасын қорғау кезінде ерлікпен қаза тапқан Ұлттық ұланның 17 жауынгері де ешқашан ұмытылмайды. Олардың батыл да батыр ерліктері бүгінгі ұрпаққа үлгі. Ұлттық ұланның қатарында жүрген сарбаздар қашанда Отанға деген сүйіспеншілігін жоғалтқан емес», деді генерал-майор Қайрат Жарылқасынұлы.

Сондай-ақ Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Олег Фролов өткен күндер жайлы естелігімен бөлісіп, сарбаздардың жауынгерлік қызметіне сәттілік тіледі.

«Еліміздің құқықтық тәртіп әскері жас буынның әскери-патриоттық тәрбиесіне ерекше мән беріп келеді. Олар әскери бөлімдердің әскери қызметшілері мен бөлімшелердің жеке құрамы аясында ғана емес, бүгінгідей өңір-өңірдегі қала және аудан жастары арасында да осы бағыттағы жұмыстарды атқарып жүр. Сондықтан да Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығына, әскери бөлім командирлері мен жеке құрамға ардагерлер атынан алғыс айтқым келеді», деді Олег Геннадьевич.

Мазмұнды іс-шара кезінде 6699 әскери бөлімінің сарбаздарына да сөз берілді.

«Бүгін біз Отан алдындағы борышын жат жерде өтеп, сұрапыл соғыста қаза тапқан, ерлік үлгісін көрсеткен азаматтарымыздың рухына құрмет көрсетуге келдік. Биыл бұрынғы Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 34 жыл то-

лып отыр. Батылдық пен батырлық танытқан, жауға қарсы шауып, денесімен оқ тосқан азаматтарымыздың ерліктері ешқашан ұмытылмайды дегім келеді. Ауған соғысының ардагерлері, жауынгер ағалар, әрқашан аман жүріңіздер. Кеуделеріңіздегі орден, медальдар ерлік пен батылдықтың белгісі болып жарқырай берсін», деді қатардағы Диас Мұхаметзаки.

Қорытынды сөзді Оралхан Бөкей атындағы қалалық кітапхананың қызметкері Бақытжан Торғаев түйіндеді. Ол сарбаздар мен сардарлардың зор құрметке ие екенін айта келе, қазақ әскерінің тарихынан сыр шертті. Батыр бабалардың бүгінгі ұрпаққа қалдырған аманаты жайлы сөз қозғап, соны сақтау қазіргі жастардың еншісіндегі дүние екенін атап өтті.

Сонымен қатар салтанатты рәсімде 5518 әскери бөлімінің оркестрі өнер көрсетті.

Осы іс-шаралар барысында Бас қолбасшының ТжӘҚЖ жөніндегі орынбасары Өскемен қаласында тұратын тыл ардагерлерімен де кездесу өткізді. Атап айтқанда Ұлттық ұланның басшылық құрамы тыл ардагерлері запастағы подполковник Людвик Чиконов пен Мария Сереченконың үйіне барып, жағдайларымен танысты. Сондай-ақ Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақановтың құттықтауын жеткізді.

#### Ұландықтар Күршімге барды

14 шілде күні Ұлттық ұланның ақпараттық-насихат тобы жұмыс сапарымен Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданына атбасын бұрды. Өңірлерді аралап, жұртшылықпен кездесу өткізіп жүрген әскери қызметшілерді аудан әкімі Алматы Ақышев пен аудандық Ішкі істер бөлімінің бастығы Серік Манапов бастаған азаматтар ауыл сыртынан күтіп алды.

Қарсы алушылардың арасында Күршімнің сөз ұстаған үлкендері де болды. Есті азаматтар есіктен енді ғана енген меймандарды жылы шырайда қабылдап, сөз бастады.

«Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманьң бер жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күр-күр еткен

Күршім бар» деп 1927 жылы жазушы Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романында жазған жер – осы. Талай дүлділ шыққан ауданымызға қош келдіңіздер!», деді ел ішінде беделге ие Бақытхан Өлмесеков. Ол сонысымен де бұл өлкенің өзінше тарихы, өзіндік ерекшелігі барын байқатты. Ал аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары әннен шашу шашты.

Ақпараттық-насихат тобын бастап келген Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының орынбасары генерал-майор Қайрат Үмбетов бір топ қарсы алушыларға ризашылығын білдірді.

«Сіздердің аудандарыңыз қазаққа еңбегі сіңген талай азаматтың кіндік қаны тамған жер. Бұл жерде қарымды қаламгерлер, қару ұстаған батырлар, абыройлы басшылар мен өнер майталмандары да туған. Олардың қатарында Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақанов та бар. Ол кісі – сіздердің жерлестеріңіз. Міне, сол кісінің тапсырмасымен сіздердің орталарыңызға келіп отырмыз. Біздің аудан тұрғындарына дайындап әкелген концерттік бағдарламамыз бар. Сондықтан жергілікті тұрғындар өнерлі қыз-жігіттердің өнерін тамашалай алады», – деді Қайрат Жарылғасынұлы.

Осыдан соң жиылған қауым тура жолдың бойында он мың қолға бас болған Барақ батырдың ескерткішіне аялдады. Биіктігі 16 метр болатын тас мүсін 2016 жылы қойылған. Өлкетанушылар батырдың өнегелі өмірін, ерлігін еске алды.

Сөз арасында аудан әкімі Алматы Талғатұлы қонақтарға: «Күршім жері – жайлы да, жайдары жер. Азаматтары да жүзі жылы, ашық-жарқын. Іс-сапармен келіп қалған екенсіздер, олай болса, біздің өлке өзінің әдемілігімен жандарыңызға шуақ сыйласын. Сіздер де біздің тұрғындарымызға жақсы әсер қалдырасыздар деп үміттенемін. Ел-жұртқа патриоттық тәрбие берудегі қызметтеріңізге табыс тілеймін» деді.

Осы сапар барысында Ұлттық ұланның басшылық құрамы аудандағы қоғам белсенділерімен, жастармен және оқушылармен кездесті. Ауған соғысына қатысқан ардагерлер, Чернобыль апатын жоюға қатысқан азаматтар, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысушылар да жүздесуге келді. Басқосулар аяқталған соң әскердің Бас тәрбиешісі бастаған қауым Күршім аудандық мешітіне келіп, Отан алдындағы борышын адал атқарып, елі мен жері үшін қаза тапқан жауынгерлердің рухына құран бағыштады. Мешіттің бас имамы Тилейбек Саянұлы келушілерді аудандағы халықтың діни сауаты жайлы, жастар тәрбиесі туралы әңгіме өрбітті. Жас буынның жат ағымнан ада екенін айта келіп, аудан орталығында жаңадан ашылған «Есімхан қажы» атындағы балаларға рухани білім беру орталығының жұмысымен таныстырды.

Іс-шара барысында II дүниежүзілік соғыс кезінде қаза тапқан боздақтарға арналған мемориалға және Ауған соғысының жауынгерлерінің құрметіне қойылған ескерт-





кішке гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Сондай-ақ келушілер аудан орталығында Мстислав Кушниковтың бастамасымен ашылған тарихи-өлкетану музейіне барды.

Генерал-майор Қайрат Жарылқасынұлы жоспарлы іс-шаралардың тығыздығына қарамастан Күршім аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен кездесу өткізді. Күршім АПБ бастығы полиция полковнигі Серік Тоқтарханұлы жеке құрамға Халық қаһарманының қызмет барысындағы ерлігі жайлы баяндап берді. Жүздесуде ПМ мен Ұлттық ұланның бірлесе атқарып жүрген қызметтері жайлы айтылды. Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының орынбасары генерал-майор Қайрат Үмбетов Мемлекет басшысының құқықтық тәртіп әскеріне жүктеген тапсырмалар жайында сөз қозғап, полиция қызметкерлерінің жұмысына сәттілік тіледі.

Осыдан кейін Астанадан арнайы келген делегация мүшелері Қаболда Тұрарұлы атындағы аудандық мәдениет үйіне бас сұқты. Қонақтар өнер ордасының жұмысымен және қызметкерлерімен танысты.

Ал кешкілік Абай атындағы алаңда Ұлттық ұлан Ән-би ансамблінің көшпелі концерті өтті. Концерттік бағдарламаны тамашалауға жергілікті тұрғындар жиналды. Сахнада «Екі жирен», «Тау ішінде», «Домбыра», «Қазағым жаса», «Ертісім», «Атамекен», «Мен қазақтың ұлымын», «Елдің қорғаны» секілді патриоттық сарындағы әндер орындалды. Бишілер тобы «Ұландар», «Домбыра аңызы», «Матросский танец» билерімен сахнаның сәнін келтірді. Алаңда тұрған күр-

шімдіктер әнге қосылып, би биледі. Оларға Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Советбекұлының сәлемін «Дәуір» триосының солистері «Беу, туған жер!» әнімен жеткізді. Жастар жағы Кұрмет қарауыл ротасы орындаған «Silkway» дефилесін ықыласпен тамашалады.

Мінберге көтерілген генерал-майор Қайрат Үмбетов барша күршімдіктерге Астана қаласынан келген Ұлттық ұлан Ән-би ансамблін, 5573 әскери бөлімінің Кұрмет қарауыл ротасын қарсы алып, қонақжайлық танытқандары үшін алғыс білдірді. Сонымен қатар Астана қаласының 25 жылдық мерейтойымен құттықтады. Ұландықтардың сапары жайлы аудан әкімдігінің өкілдері де сөз қозғады.

«Алыс жақтан шекара маңындағы ауылға келіп, халыққа рухани демалыс сыйлап жатқандарыңызға ризамыз. Ұлттың ұлық өнерін дәріптеп, жастарымызға патриоттық тәрбиенің үлгісін көрсетіп жатқандарыңызға халықтың атынан рахмет айтамын. Әрқашан қазақ халқының өнері мен дәстүрін дәріптеп, өнердің ақ туын биікте ұстай беріңіздер. Халыққа жасаған қызметтеріңіз абырой әкелсін», деді аудан әкімінің орынбасары Қайрат Әзімбаев.

Концерт аяқталғаннан кейін де көпшілік біразға дейін алаңнан кетпей тұрды. Кейбір көрермендер Ұлттық ұланның басшылық құрамына келіп, іс-шараның жоғары деңгейде өткенін атап өтті. Өнерпаздармен естелік суретке де түсті.

«Қыз-жігіттердің жігерлі әндерін

тындап, көңіл сергітіп отырған жайымыз бар. Ауданымызға осындай өнерпаздардың келгеніне қуанып отырмыз. Отбасымызбен осы концертке уақыт тауып келдік. Өнші-бишілердің жақсы дайындықпен келіп отырғаны көрініп тұр», деді өнерпаздарға батасын жаудырған ақжаулықты әжелер Айгүл Атбаева мен Сақыпжамал Қасымбаева.

Екі күнге созылған іс-шара аудандық өлкетану музейінде қорытындыланды. Аталған музейде әке мен бала арасындағы өнегелі өмірді суреттейтін «Алыптан алып туады» бұрышы ашылды. Онда Күршім ауданында туған Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақанов пен оның әкесі Советбек Ботақанов туралы мәліметтер, құжаттар және суреттер ілінген.

Советбек Ботақанов - ұзақ жылдар педагогика саласында еңбек етіп, 10 жылдан астам уақыт мектеп директоры болып қызмет еткен. Аудандағы қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, өмірден өткенге дейін аудандық ардагерлер алқасының төрағасы болған.

Салтанатты іс-шараға Ұлттық ұланның басшылық құрамы және аудандағы зиялы қауым өкілдері қатысты.

«Жерлестеріңізге, осы ауданның елеулі азаматтарына арналған бұрыштың ашылуымен сіздерді құттықтаймын! Ауданның өркендеуі жолында бұл кісілердің өзіндік үлесі бар. Менің көзқарасым бойынша мұның бәрі есте қалуы керек. Бұл бұрышты біздің де ауданға қосқан аз да болса үлесіміз деп біліңіздер», деді генерал-майор Қайрат Үмбетов.

Сонымен қатар әке мен балаға арналған бұрыштың ашылуына өңірге белгілі педагогтың ұлы шебер Серік Ботақанов та келді.

«Әкемнің елге сіңірген азды-көпті еңбегі осылай еленіп жатқанына қуанып отырмын. Бауырым Еркін Советбекұлының да еңбек жолы көптің көз алдында. Ол өзінің мінсіз адал еңбегімен Отанына қызмет етіп жүр. Ұрпақтар сабақтастығын арқау еткен бұл бұрыш жергілікті жастардың көкейіне патриоттық сезім ұялатады деп үміттенемін. Ауданның мақтанышына айнала білген жандарға көңіл бөліп, осы істі қолға алған азаматтарға алғысым шексіз»,

деді Серік Советбекұлы.

Советбек Ботақановтың сөзіне жазылған әндер бүгінде ауданның әнұраны іспетті әлі күнге дейін шырқалып келеді.

«Советбек Ботақанов ағамыз жайында көп айтуға болады. Ол кісі совхоз кезінде мектеп директоры болып қызмет етті. Сол кезде мен аудан орталығына жаңадан келген жас маман болатынмын. Мәдениет саласына келген маған көзі түсіп, мектепке жұмысқа шақырды. Сосын сол кісінің тілін алып, мектепке орналастым. Ол сол кездері № 3 мектепте (қазір гимназия деп аталады) директор болды. Әрі мұғалім еді. Сонда жүріп оның ақындық қасиеті барын байқадым. Өлең жазатын. Бірде маған өзі шығарған бір өленді әкелді. Соған ән жазып беруімді сұрады. Өзімнің сазгер емес екенімді айтқанымға қоймады. «Сенің қолыңнан келеді!», «Музыканттар жазады. Сенің арғы жағында бірнәрсе барын біліп тұрмын» деп болмады. Бір ай бойы қинала жүріп, жақсы бір әуен шығардым. Осылайша, «Өкпелеме, қарағым» деген туынды дүниеге келді. Лирикалық нұсқада жазылған мәтін болған соң соған сай әуен шықты. Сол кездегі Күршім ауданының ескі сахнасында екеуіміз сол әнді орындап шықтық. Мен баянмен сүйемелдеп тұрдым. Сосын екеуіміз дуэт болып соны айттық. Нұр-Зайсанның жағасында өскен азамат кейін «Толқындар, толқын, толқындар» деген өлең жазды. Оған да ән жаздым. Сөйтіп жүріп, өзімнің қалай композитор болып кеткенімді білмей қалдым. Алғаш Астана ашылған жылдары облыстардың мәдениет күндері өткен еді. Сол кезде Шығыс Қазақстан облысы атынан Күршім ауданының өкілдері ретінде біз де бардық. Сонда фольклорлық ансамблдің құрамында екі-үш дауысқа бөліп толқын туралы әнімізді орындадық. Бұл ән әлі күнге дейін айтылып келе жатыр. Әннің сөзін жазған ағамыз зейнетке шыққаннан кейін де жай отырған жоқ. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы лауазымына тағайындалды. Өмірден өткенше сол қызметін мінсіз атқарып өтті. Ауданымызда Советбек Ботақановтың атындағы көше бар. Мұндай құрмет екінің біріне бекерден-бекер беріле бермейді. Советбек аға десе көкейде сақталған жылы естеліктер



жарқ ете қалады», деді аудандық мәдениет үйінің қызметкері Шакерхан Тойбаев.

Ресми шараның соңы концерттік бағдарламамен қорытындыланды.

#### Шырайлы Шемонаихаға сапар

Ұлттық ұланның ақпараттық-насихат тобы Шемонаиха қаласына да жұмыс сапарымен барды.

Үгіт-насихат тобын бастап келген әскердің бас тәрбиешісі генерал-майор Қайрат Үмбетов қала іргесінде орналасқан 6699 әскери бөліміне соғып, сарбаздардың және әскери бөлімнің жағдайымен танысты.

Сапар барысында Ұлттық ұлан ардагерлері, ауған жерінде қызмет еткен жауынгерлер, сарбаздар және оқушылардың қатысуымен II дүниежүзілік соғыс құрбандарын еске алуға арналған мемориалға гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Ис-шара ерлікпен қаза тапқан батырларды 1 минут үнсіздікпен еске алудан басталды.

«Сұрапыл соғыс жылдары Ше-

монаиха ауданынан майдан даласына 8077 адам аттанып, оның 5312-сі мерт болған. Аудан тарихына қарап отырсақ, 2437 адам із-түссіз жоғалып кеткен екен. Олар ел іргесін жаудан қорғау үшін оққа кеуделерін тосты. Сондықтан біз сапарымызды батыр аталарымыздың рухына тағзым етіп, «Даңқ алауы» ескерткішіне гүл шоғын қоюдан бастағанды жөн көрдік», деді Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының ТжӘҚЖ жөніндегі орынбасары.

Сондай-ақ ол өңірлерді аралаудағы басты мақсатын айтып, аудан тұрғындарына Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақановтың сәлемін жеткізді.

Жиында аудандық интернационалист-жауынгер Ардагерлер кеңесінің төрағасы Александр Кривцов пен аудан әкімінің орынбасары Бақытжан Молдаханов сөз сөйледі. Олар құрметті қонақтардың арнайы аудан



орталғына атбасын бұрғанына дән риза.

«Бүгінгі іс-шара жас ұрпақтың бойындағы қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға сөзсіз әсер етері анық. Ұлттық ұлан ел тыныштығын сақтауда зор мәнге ие. Осы жолда абыройлы қызмет ете беріңіздер», деді аудан әкімінің орынбасары.

Меймандар осыдан соң ел арасында «Марияның жартасы» аталып кеткен жерге барды. Бұл жерде қонақтарды өлкетану музейінің экскурсоводы Наталья Рудакова қарсы алды. Мұнда оң қолын кеудесіне қойып, жартас жиегінен төменге қарап тұрған мұнды қыздың мүсіні қойылыпты. Музей қызметкерінің айтуынша, бұл – шемонаихалық жазушы Анатолий Ивановтың «Тени исчезают в полдень» романындағы кейіпкер – Мария Воронованың жиынтық образы.

Осыдан соң Наталья Юрьевна қонақтарды өлкетану музейіне қойылған жәдігерлермен және аудан тарихымен таныстырды.

Сапар барысында генерал-майор Қайрат Жарылғасынұлы Ұлттық ұлан сапында келісім-шарт бойынша қызмет ететін көп балалы отбасымен жолықты. Бүлдіршіндерге Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы атынан

сыйлық табыстады.

Ал кешкілік аудан тұрғындарына арналған көшпелі концерт ұйымдастырылды. Сахнада Ұлттық ұлан Ән-би ансамблінің қыз-жігіттері өнер көрсетті. Олар халық әндерінен бастап, эстрадалық әндерге дейін орындады. Көрермендер домбыраның күмбірлеген үніне, мың бұралған бишілердің қимылына тәнті болып, қошемет білдіріп отырды. Әуезді ән көрермен жүрегіне жеткені соншалық, көзіне жас алып, жүрек тебіренісін жасыра алмағандар да болды.

«Мен концерт дәл осындай дәрежеде болады деп күтпеген едім. Маған қатты ұнады. Мен осы өңірдің тумасымын. Бүгінде Алматы қаласында тұрып жатырмын. Демалысты пайдаланып туған жеріме келген едім. Осындай тамаша кешке тап болдым. Ансамбль мүшелері өте талантты екен. «Любовь уставших лебедей» әнін орындаған Сәкен Әлімхановқа риза болдым. Мен оны еліміздің мақтанышы Димаш Құдайбергенге ұқсаттым. Әнге ілесіп, би билеп сергіп қалдым», деді аудан орталығына қонаққа келген Ольга Грищенко.

Концерт кезінде генерал-майор Қайрат Үмбетов Шемонаиха тұрғындарын ауданның 95 жылдық мерей-

тойымен құттықтап, Ұлттық ұланның жауынгерлік қызметі жайлы сөз қозғады. Сондай-ақ аудан әкімдігіне арнайы әкелген естелік сыйлықтарын табыстады.

Ансамбльдің концерттік бағдарламасы аудан өнерпаздарының өнер көрсетуімен жалғасты.

#### **Абай елінде әскерилер ән салды**

18 шілде күні Ұлттық ұланның ақпараттық-насихат тобы Абай облысына барды. Сапар барысында генерал-майор Қайрат Үмбетов облыс әкімі Нұрлан Ұранхаевпен кездесу өткізді.

Жүздесуде құқықтық тәртіп әскерінің әлеуеті мен жастарды патриоттыққа тәрбиелеу мәселесі талқыланды.

Содан соң генерал-майор Қайрат Жарылғасынұлы Семей қаласында тұратын ІІ дүниежүзілік соғысқа қатысқан ардагер, Халық қаһарманы Әбдіғали Қаймолдинге құрмет көрсетіп, кездесу ұйымдастырды. Ардагер тұратын үйдің ауласында 5511 әскери бөлімінің оркестрі сап түзеп, ескі әндерді орындады.

«Біз бүгін Халық қаһарманы, әскери барлау полковнигі Әбдіғали атамызға келіп, қал-жағдайын сұрадық. Ғасыр жасаған қарияға шағын концерттік бағдарлама әзірлеп әкелдік. Ұлттық ұланның ақпараттық-на-



сихат тобының мұндай қадамға барудағы мақсаты – өскелең ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу. Сонымен қатар Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан секілді күш құрылымдары қатарында қызмет атқарып отырған сарбаздар мен сардарлардың имиджін нығайту көзделген», деді Қайрат Жарылқасынұлы.

Сондай-ақ ол сұрапыл соғысты басынан өткерген алып азаматқа Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақановтың атынан алғыс хат табыстады.

Айтулы оқиғаны тамашалауға ардагердің туыстары мен көрші-көлемі жиналған. Қатысушылардың арасында Отан алдындағы борышын өтеп жүрген сарбаздар да болды. Қария құттықтап келген қауымға ризашылығын білдіріп, батасын берді.

«Маған құрмет көрсетіп жатқандарыңызға көп рахмет! Айтып жатқан алғыстарың үшін қуаныштымын. Әр уақытта, әр қадамдарың сәтті болсын. Істеріңе береке тілеймін. Халыққа еңбек ете беріңдер», деді 102 жастағы асқал.

Ұландықтар осыдан кейін қаладағы қарттар және мүгедектер үйіне барды. Мұнда Ұлттық ұланның солистері мен 5511 әскери бөлімінің оркестрі егде жастағы жандардың көңілін аулап, өнерлерін көрсетті.

«Әскери қызметшілердің біздің қарияларымызды, ерекше жандарды елеусіз қалдырмайтыны көңіл қуантады. Жыл сайын түрлі іс-шараларда Ұлттық ұланның әскери бөлімдері бізді ескерусіз қалдырған емес. Мұндағы кісілер өздеріне өзгенің көңіл бөлгенін қалайды. Өздерін қоғамнан жырақ ұстамауға тырысады. Сол себепті де бүгінгідей іс-шараның маңызы орасан. Біздің мекемедегі жандарға әскерилердің өнері ұнады», деді Семей қаласындағы қарттар мен мүгедектер үйінің директоры Гүлмира Сексеналинова.

Ұлттық ұланның ақпараттық-насихат жұмыстары концерттік бағдарламамен жалғасты. Кешкілік қалалық мәдениет үйінде Ұлттық ұлан Ән-би ансамблінің көшпелі концерті өтті. Онда ансамбль солистері семейліктерге дәстүрлі әндер мен рухты

жырларды жеткізді. Мың бұралған бейшілер көрермендердің ыстық қошеметіне бөленді. Сондай-ақ әскери қызметшілер жуырда Абай облысында болған орман өрті салдарынан қаза тапқан марқұмдарды еске алды.

Талантты жастардың өнеріне деген ілтипат ретінде өңір басшысы Нұрлан Телманұлы мен облыстық ПД басшысы Сұлтан Бектөре ықылас гүлдерін жолдады.

«Абайдың «Әннің де естісі бар, есері бар» деген аталы сөзі бар. Бүгін біз «жанамын деген адамға рух беретін, от беретін» қасиетті өнердің куәгері болдық. Бұл өнердің көші кәрі Ертісті жағалай қонған Кереку, Өскемен жерін басып өтіп, бүгін, міне, Мұхтар, Шәкәрім, Абай туған қасиетті топыраққа арнайы бас тіреп отыр. Өнер көші байсалды болсын! Осында жиналған жас өскіндер сах-

«Бүгінгі концерт жоғары деңгейде өтті. Отбасымызбен келдік. Келгенімізге еш өкінбеймін. Жалынды жастардың өнерін міз бақпай тамашаладық. Олардың әндері құлақ құрышымызды қандырды. Әндерін де ерекше талғаммен таңдаған екен. Семейге жиі келіп тұрыңыздар», деді Айзат Серікқанова есімді қала тұрғыны.

### Курчатовта өнер көрсетті

Келесі күні Ұлттық ұланның ақпараттық-насихат тобы Абай облысына қарасты Курчатов қаласына жұмыс сапарымен барды.

Генерал-майор Қайрат Үмбетов бастап келген делегацияны өнерпаз әжелер қарсы алды.

Әскердің бас тәрбиешісі бірінші 3514 әскери бөліміне барды. Ондағы жауынгерлік қызмет пен сарбаздардың жағдайына үңілді. Содан



нада шырқалған рухты әндер мен ұлттық биді көріп өссе, Отанын сүйген азамат болып қалыптасатыны сөзсіз», деді Абай облысының қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Садырбаев.

Жергілікті атқамінер Айдар Серікқазыұлы өнер көшін бастап келген генерал-майор Қайрат Жарылқасынұлына және Ұлттық ұлан Ән-би ансамблінің көркемдік жетекшісі аға лейтенант Алпамыс Асылбекке облыс әкімі атынан алғыс хат пен естелік сыйлық табыстады.

Кеш соңында жиылған жұрт өнерпаздарды қаумалап естелік суретке түсті. Өздерінің ақжарма тілектерін жеткізді.

соң ҚР Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы» мемлекеттік кәсіпорнына бет алды. Ол жерде кәсіпорынның басшылығымен кездесіп, музейге экскурсия жасады. Насихаттық топ мүшелері ядролық қару полигондары жайлы қызықты деректермен және жәдігерлермен танысты. Генерал-майор Қайрат Жарылқасынұлы музейдің естелік кітапшасына қолтаңба қалдырып, мекеме қызметкерлеріне сәттілік тіледі.

Осыдан соң ол қала әкімі Болат Әбдіралиевпен кездесу өткізді. Жүздесуде Курчатов қаласының тыныштығын күзетудегі ұландықтар-



дың қызметі сөз болды. Бұдан бөлек генерал-майор Қайрат Үмбетов әскери қызметшілердің әлеуметтік мәселесіне назар аударып, әкімдік тарапынан жасалатын қолдаулар туралы уағдаластыққа қол жеткізді.

Сондай-ақ Халық қаһарманы сапар барысында көп балалы әскери қызметшінің үйіне соқты. Бұдан бөлек қала әкімімен бірге Курчатов қаласында тұрып жатқан тыл еңбекқоры Сақыш Жүндібаеваның шаңырағына арнайы барды. Келушілердің арасында «Генералдар кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшесі, Ұлттық ұлан ардагері генерал-майор Дәулет Салханов та болды.

Сақыш Жүндібаева 14 жасынан бастап еңбекке араласқан. Аштық пен сұрапыл соғысты басынан өткерген қария «Батыр ана» алқасының иегері. Өмірге он бала әкелген ақжаулықты ана көп жылғы еңбегі үшін мерейтойлық медальдармен марапатталған. Бұл жолы Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақановтың атынан алғыс хат пен естелік сыйлықтар табысталды.

Сонымен қатар, Ұлттық ұлан ән-би ансамблінің солистері мен ерлер хоры кейуанаға арнап, өз өнерлерін көрсетті.

93 жасқа аяқ басқан қарт ана өзін елеп-ескеріп келген қауымға ризашылығын білдіріп, пәтер мәселесін қозғады. Кезегі келген тұста іс-шараға қатысып отырған жергілікті атқамінер бұл мәселеге қатысты жақсы жаңалығы бар екенін жеткізді.

«Биылғы қыркүйекте әкімдік Курчатов қаласында 64 отбасыға пәтер табыстауды жоспарлап отыр. Соның ішінен сізге де бір пәтер дайын тұр. Сол себепті осы бастан көшуге дайындала беріңіздер», деді Курчатов қаласының әкімі Болат Тансықбайұлы сүйінші жаңалықпен бөлісіп.

Мұндай жаңалықты күтпеген қария қуанышын жасыра алмады. Жиылған қауымға ақ тілегін жаудырып, батасын берді.

Сондай-ақ дәл осы күні қалалық мәдениет үйінде Ән-би ансамблінің көшпелі концерті өтті. Әскери қызметшілер сахнада ұлттық аспаптарда ойнап, халық әндерін шырқады. Келушілердің көптігінен мәдениет сарайына симай қалған көрермендер де болды.

«Ансамбльдің ұжымына айтар алғысым шексіз. Өнерлеріне тәнті болдық. Біздің қалаға жиі келіп тұрсаңыздар жақсы болар еді. Әрі жастардың санасына сәуле түсіріп, елдік пен ерлікке еліктейтін балалардың санын арттырар едік», деді жер-

гілікті тұрғын Шынар Тілеулинова.

#### **Ертіс бойын әнге бөледі**

21 шілде күні Шығыс Қазақстан, Абай және Павлодар облыстарын қамтыған Ұлттық ұланның үгіт-насихат тобы жұмыстарын қорытындылады.

Таңғы уақытта ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізу мақсатында делегацияға жетекшілік етіп келген әскердің бас тәрбиешісі генерал-майор Қайрат Үмбетов және Павлодар облысы ПД бастығы полиция генерал-майоры Василий Скляр бастаған әскерилер «Даңқ» ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Ұлттық ұланның ардагерлері мен сарбаздары және Ішкі істер органдарының қызметкерлері антына адалдық танытып, қызметте жүріп қаза тапқан ерлерді еске алды. Тағылымды шара Қарулы күштер қатарында қызмет еткен, Ұлттық ұланның ардагері, тыл еңбекқоры Николай Зиченкоға арналған іс-шарамен жалғасты.

Николай Прокофьевич 1929 жылы 14 мамырда Ақмола облысы Атбасар ауданы Советская ауылында дүниеге келген. 1949 жылы әскери мерзімді қызметке шақырылған. Украинадағы Карпат әскери округінде қызмет еткен. Ол 1952 жылы запасқа шықты. Әскерден кейін Атбасар қаласының Атбасар автомобиль

ротасында жүргізуші болып жұмыс істеген. Павлодар қаласының 6679 әскери бөлімінде рота старшинасы лауазымында қызмет атқарған. 1986 жылға дейін взвод командирі лауазымында болды. Қазір зейнеткер Павлодар қаласында тұрып жатыр.

Генерал-майор Қайрат Жарылғасынұлы оған Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақановтың құттықтауын жеткізіп, ақжарма тілегін арнады. Қарияның үйінің жанында 5512 әскери бөлімінің оркестрі әскери әндерді орындады.

94 жастағы ақсақал Ұлттық ұлан басшылығына ризашылығын білдіріп, құқықтық тәртіп әскерінің бүгінгі күндегі абыройлы қызметіне оң баға берді.

Осыдан кейін Халық қаһарманы Ұлттық ұлан құрамында қызмет ететін көпбалалы отбасының үйіне барып, жағдайларымен танысты. Сонымен қатар уақыттың тығыздығына қарамастан «Ertis» телеарнасының «Бірінші студия» бағдарламасына сұхбат берді. Әңгіме барысында ақпараттық-насихат тобының мақсаты айтылды. Әскери саланы меңгеру үшін қажет оқу орындар жайлы мәліметтер баяндалды. Бұдан бөлек ансамбльдің ерлер хорының қатысуымен арнайы бағдарламаның қо-

нағы болды.

Бас қолбасшының Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары Павлодар облысының білім беру бөліміне қарасты «Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығы» мекемесіне де барды. Орталықтың жұмысымен, мекеме ішіндегі жабдықтармен танысты. Ал Ән-би ансамблі балалардың алдында жігерлі әндерді орындап, бірге би биледі. Ұландықтар қам көңіл балалардың көңіл күйін көтеріп, Бас қолбасшының атынан балаларға әкелген базарлықтарын табыстады.

Кешкі уақытта Ертіс өзенінің жағалауындағы сән-салтанаты келіскен сахнада «Ұлттық ұлан – ұлт рухы» концерттік бағдарламасы қала тұрғындары мен қонақтарының назарына ұсынылды. Ол жерде ансамбльдің қыз-жігіттері репертуарларындағы ерекше әндерді орындап, тыңдарман көңілінен шығуға тырысты.

«Әскери қызметшілердің ән салып, би билегенін күнде көре бермейміз. Бүгін бір ерекше концерт болып жатыр. Өнерпаздардың дауыстары құлаққа жағымды, әндері рухты екен. Осындай концерттер көбірек ұйымдастырылса өскелең ұрпақтың бойындағы патриоттық сезімді оятып, шабыттандыратыны

анық», деді қала тұрғыны Бибіш Амирова.

Кеш барысында Ұлттық ұланның Ән-би ансамблі халық әндерімен қатар қазіргі заман әуендерін де орындады. Ал 5573 әскери бөлімінің Құрмет карауыл ротасы дефиле көрсетті. Концерт соңында өнерпаздарға Павлодар облысының әкімі Асайын Байхановтың атынан ықылас гүлі табысталды. Сахнаға көтерілген қала әкімінің орынбасары Светлана Гладышева әскерилердің өнеріне тәнті болғанын жеткізді.

– Бұл бәріміз үшін ерекше сыйлық болды. Олай дейтін себебім, 22 шілде күні Павлодарда қала күні атап өтіледі. Ұландықтардың бүгінгі концерттік бағдарламасы осы айтулы дата қарсаңында ұсынылып отыр. Сондықтан «Ertis promenade» өнер көрсеткен тамаша дауысқа ие, биге шебер әскери қызметшілерге алғыс айтқым келеді», деді Павлодар қаласы әкімінің орынбасары Светлана Анатольевна.

Айта кетейік, осымен еліміздің шығысында ақпараттық-насихат тобы жүргізген жұмыстар легі аяқталды.

**Қатардағы  
Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ**  
Астана қаласы - ШҚО-Абай  
облысы-Павлодар облысы –  
Астана қаласы



# БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕСТЕР БАРШЫЛЫҚ

2023 жылғы маусым айына жоспарланған Ұлттық ұланның қолбасшылары, әскери бөлім командирлері және орынбасарларымен практикалық жиын өткізу мәртебесі «Орталық» өңірлік қолбасшылығына тапсырылды. Осылайша, ауқымды іс-шара Қарағанды қаласының төңірегінде өткізілген еді. Жиынды өткізудегі дайындық барысы, жалпы өткізілу барысында туындаған мәселелер жайлы «Орталық» өңірлік қолбасшысы генерал-майор Сакентай Шекарбековпен сұхбаттастық.

– Генерал майор мырза, жедел жиынның қорытынды күні, яғни Әскери кеңесте ПМ орынбасары – Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақанов барша офицерлер құрамының алдында өткізілген оқу-әдістемелік жиынға жоғарғы бағасын беріп, алғысын білдірген болатын. Ал сіз өз жұмыстарыңызды қалай бағалайсыз?

– Ең алдымен Бас қолбасшымыздың биылғы Әскери кеңес пен командирлердің жедел дайындығын өткізу мәртебесін бізге ұсынып, сенім білдіргеніне алғыс білдіреміз. Әскери жиын акт залында кеңесумен басталып, пікір таласпен аяқталған жоқ. Сардар далалық оқу алаңында жеке тактикасын қолданып, қарсыласқа қарсы әрекет етуін пысықтады. Сондықтан да бес күн бойы практикалық сабаққа қатысқан офицерлер білімі мен тәжірибесін одан әрі шыңдай түсті деп сенеміз. Жиын барысында тек Ұлттық ұлан құрамаларының емес, Қарулы күштердің атыс алаңы, қару-жарағы мен техникасы, Бәрімбек Бейсенов атындағы Ішкі істер министрлігі академиясының жаттығу алаңдары да пайдаланылды. Осы орайда өңірімізге қарасты әскери бөлім командирлері мен Академия бастығы генерал-майор Ақынқали Дәрменов Даутбайұлына, «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы генерал-майор Шайх-Хасан Саттарқұлұлы Жазықбаевқа алғыс білдіргім келеді. Командирлер тарапы түрлі қару-жарақтарды қолданып, шеберліктерін арттырды. Жиынға әділ бағасын Бас қолбасшымыздың өзі берді. Әрине, дайындық шара-

лары кезінде алуан түрлі сұрақтарға тап болдық, бірақ «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, барлық қойылған мақсаттарымыз жүзеге асты, өзімнің ойымша да, ойдағыдай өтті.

– Ұйымдастыру шаралары жайлы айтып өтсеңіз?

– Өткен жедел дайындық жиыны тек бір ғана әскери бөлімнің емес барлық Ұлттық ұлан құрамаларының қатысуымен өткізілді. Үш айлық дайындық барысында біз жиын үшін Қорғаныс министрлігінің «Спасск» оқу-жаттығуы алаңы, Қарабас кентіндегі атыс алаңы, Чкалов су қоймасының аумағын дайындаған болатынбыз. Мәселен, «Спасск» алаңы тактикалық әдіс жүргізуге үлкен де қолайлы аумағы бар территория, ол жерде жоспарланған сабақ кестесіне сай таң атысымен күн батқанға дейін бөлім командирлері мен орынбасарлары СПГ, ПГО, ЗУ-23, АГС-30



сынды қарулардан, БМП, БТР ауыр техникасымен атыс алаңында жүріп ату, Қарабас кентінде күндізгі және түнгі уақытта арнайы бөлімшелердің құрылғыларымен ату бойынша практикалық сабақтарын өтсе, Чкалов су қоймасында әскерилер БТР-80-мен су қоймасын жүзіп өтіп, қару қолдану жатығуларын орындады. Аталған жаттығу алаңдары толықтай қамтамасыз етілді, мұны да ең алдымен өңірлік қолбасшылықтың офицерлері мен әскери бөлім командирлері және жеке құрамының біліктілігінің арқасында ұйымдастырып, мүлтіксіз орындалғанын атаған жөн



болар. Жергілікті билік органдарының көмегімен атыс алаңдарының дайындалуы кезінде атқарылған істер және олардың бізге қосқан үлестері аз емес. Осының барлығы Ұлттық ұлан құрамалары, оның ішінде «Орталық» өңірлік қолбасшылығының Қарағанды қаласында өзге құрылымдар біркелкі келісімі барын, айқын мақсаттарымыздың бір екенін білдіреді.

– **Генерал-майор мырза, бес күн ішінде командирлер тарапы түрлі сынақтардан өтіп, көптеген күрделі тақырыптарға бірлесіп шешім қабылдау, ой-тұжырымын жеткізу, қойылған тапсырманы жедел әрекет етіп шешуді үйренді. Сіздің ойыңызша сардарлар үшін ең күрделі сынақтың бірі қайсысы болды?**

– Ауыр сынақ дейсіз бе? Жиын барысында біз ең алдымен командирлердің жеке құрамды қалай басқаруын, яғни ұрыс жағдайында тактикалық әдісті пысықтау, қарсыласқа қарсы айла-тәсілдерді қолдану, өзгерген жағдайда жылдам және дұрыс шешім қабылдау секілді қабілеттерін бақыладық. Офицерлеріміз тек құрлықта емес, су бойында да ауыр техникамен жүзіп өтіп, ұрыс жүргізу әрекеттерін жетілдірді. Біздің офицерлер үшін қиындық тудырған тапсырмалар болған

жоқ деп ойлаймын. Барлық нәтижелер – осының дәлелі.

– **Жиын барысында қатысушыларға көптеген заманауи талаптарға бейімделген оқу орындары көрсетілді. Сол оқу орындарына тоқталып өтсеңіз?**

– Уақыт ешқашан орнында тұрмайды, әрқашан ілгері жүріп отырады. Мысалы, біз қатысушыларға жауынгерлік тапсырма орындау орнында автоматтандыру жүйесі, байланыс торабының мүмкіндіктерін одан әрі жетілдіру әдістерін көрсеттік. Жалпы тоқталып өтсек, әрбір әскери бөлімдердегі автоматтандыру, байланыс қызметкерлері арқылы барлық басқару органдары, жеке құрамның жылжу тәртібі, заңды әрекеттерін және қызметтік тапсырмаларын орындау кезінде видеоконференция арқылы байланыста болуды жетілдіру, соңғы тәжірибеден өткен кемшіліктерді жою және де қайтадан пайда болуына жол бермеу туралы ақпараттандырдық. Оған қоса, көкейтесті мәселелердің бірі – әскер қатарына жас сарбаздарды шақыру, оларды жете зерттеу, әрбіреуімен жеке жұмыс жүргізу үшін оқу орындары әзірленіп, Бас қолбасшымыз генерал-лейтенант Еркін Ботақановқа ұсынылған болатын. Әрине, жетілдіруді қажет ететін жұмыстар көп.

Біз өз тарапымыздан аса танылмаған әдістің жобасын ұсындық. Бұл жердегі мақсатымыз – шақырылым бойынша келген жеткіншек алғаш әскери бөлім аумағына келмей жатып, оны толық тексерістен өткізіп, ел алдындағы борышын өтеуге моральді-психологиялық тұрғыда дайындау. Бұл жобалар барлық дәлелдеме, сараптама мен өткен кемшіліктерден туған офицерлеріміздің ойы, сондықтан алдыңғы уақытта жүйеге енгізіп, қолданысқа салынады деп сенеміз.

– **«Орталық» өңірлік қолбасшылығындағы қызмет сан-түрлі ауыртпашылыққа ие. Жүктелген тапсырмаларды мүлтіксіз орындап келе жатыр. Енді Сарыарқаның төңірегінде орналасқан өңірлік қолбасшылықтың қызметтік-жауынгерлік әрекеті жайлы әңгімелесек.**

– «Орталық» өңірлік қолбасшылық қызметі Ұлттық ұлан құрамындағы аумақтардан өзгеше. Себебі қызметтік жауынгерлік тапсырмасынан бөлек, климаттық жағдайы да басқаша.

Біздің өңір өз қарамағына Солтүстік Қазақстанда орналасқан 6637, Ақмола облысындағы 5510, 3517, Қостанайдағы 6697, Қарағанды облысындағы 5451,6505,5516 әскери





бөлімдерді қамтиды. Қарап тұрсақ, Орталық Қазақстан бөлігі біздің өңірлік қолбасшылыққа берілген.

Қаралы қаңтар оқиғасы, Қостанай облысының Әуликөл ауданындағы ірі орман өрті секілді оқиғалар кезінде сол аймақтарда біздің жауынгерлер қызметтік міндеттерін абыроймен атқарды. Атап өтсек, Әуликөл ауылында көкшетаулық 5510

маманы аға сержант Қуанышбек Каиров Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бұйрығымен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Одан бөлек, біздің «Бүркіт» арнайы жасақтарымызбен еліміздің қалаларында болып жатқан заңсыз әрекеттер тоқтатылып, заңсыз заттар тәркіленуде. Сондай-ақ қоғамдық

жеткізіліп жатады. Оған қоса мемлекетімізде түзеу мекемелерінің тең жартысы біздің территориямызда орналасқан. осы жолда бекет пен айдауылдау, сот отырыстарындағы тәртіпті ұйымдастырудағы әскери қызметшілердің ерен еңбегін атап өткен жөн болар.

**– Сәкентай Амантайұлы, біздің оқырмандарға айтар лебіңіз бар ма?**

– Иә, әрине! Қазіргі кезде елде жастарды әскери қызметке шақыру қарқынды өткізіліп жатыр. Соның арқасында жас жеткіншектерді әскерге шақыру мәселесі жылдан жылға жалғасын тауып келеді. Бүгінгі елдің қорғандары жас сарбаздар - 18, 19 жастағы дарынды жастар. Отан алдында борышын өтеу – әрбір ер азаматтың қасиетті борышы. Келешегімізді баянды да мәңгі ету жастардың қолынан келетін іс. Ал елімізді қорғап, сапта тұру нағыз ер азаматтың қолынан келетін шаруа. Тапсырмалар қойылды, мақсатымыз айқын. Командирлер қызметі алға баса берсін!

**– Уақыт бөлгеніңізге алғыс білдіреміз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!**



әскери бөлімі мен қостанайлық 6697 әскери бөлімінен 400-ге жуық жауынгер, 30 шақты техника бөлініп төтенше жағдай департаменттерімен бірге жауапты міндеттер атқарды. Нәтижесінде 5510 әскери бөлімінің

тәртіпті сақтау жолында офицерлер, сарбаздарымыз бен келісім шарт бойынша әскери қызметшілеріміз күнделікті бекеттік қызметте қырағылық танытып, тәртіп бұзушыларды құрықтап арнайы органдарға

**Сұхбаттасқан  
капитан  
Алияр ДҮЙСЕНБАЙ**

# НА СТРАЖЕ ЧИСТОТЫ

Оралхан родился 20 апреля 1974 года в селе Айыртас Актогайского района Карагандинской области. Село находится на стыке двух областей и трех районов – Шубартауского района области Абай и Каркаралинского района Карагандинской области. Село Айыртас расположено у подножия горы Айыртас, и находится оно к юго-востоку от районного центра на удалении 140 км. В целом в тех регионах расстояния между населенными пунктами большие, в основном там пролегает степная зона.



Вокруг их села из природы – равнинная степь, как только пересекаете административную границу – начинаются горные хребты, родники. В сельском округе имеются река Еспе, горы Ойран, Ешкіөлмес, Долағай, Қызылтас, а также исторические местности Шұбарайғыр, Жорға.

Отец, Ыдырыс в 1983 году в возрасте 47 лет скончался от сердечно-сосудистого заболевания, был учителем, завучем. Мама, Құндыз осталась одна с восьмью детьми – пятеро сыновей и трое дочерей. Оралхану же было девять лет. Ему и всем старшим детям приходилось заниматься различными подработками, не чураться труда с раннего возраста, так как маме тяжело было их

всех поднять на ноги.

По словам Оралхана в их семье нет ветеранов ВОВ, в военных конфликтах никто не участвовал. Отец родился перед войной – в 1937 году. Со стороны супруги тоже нет фронтовиков. Есть заслуженная труженица тыла, её прабабушка Далиша эже Аманбайкызы – она и Первую мировую видела, и Вторую. Всегда приговаривала – вот со времен Николая... Рассказывала, как закупалась на ярмарках Коянды. Она умерла в 1997 году, когда он учился на 5 курсе и был уже женат. Оралхан ее видел, получил благословение от нее. Далиша эже было 107, когда её не стало.

Братья Оралхана служили в ближнем и дальнем зарубежье.

Старший брат, Серик служил в Ленинграде. Второй брат, Сатыбалды служил в Иркутске. А брат Мағауия, 1969 года рождения служил в Чехословакии. Они тоже не участвовали в военных конфликтах. Оралхан в своем роду первый военный, кто начал карьеру офицера после окончания вуза.

Школу закончил там же – в селе Айыртас, в год развала Советского Союза.

Своими одноклассниками Оралхан очень гордится, называя их воспитанными – до 11-го класса они при одноклассниках не говорили грубых нецензурных слов, стеснялись даже курить, не говоря уже об употреблении алкогольных напитков, так как неизменно уважали их. Стоит отметить, что после окончания школы всего пятеро получили высшее образование, ещё несколько – среднее образование, многие же остались в деревне. Это был 91-ый год...

Сейчас они каждый год собираются с одноклассниками. Из-за загруженности по службе у Оралхана не часто получается встретиться или навестить родные края. В прошлом году возле въезда в их родное село открыли монумент «Арқар». Установили его на сопке «Атылған төбе», к слову, возведение монумента обошлось более чем в 500 тыс. тенге. Зато теперь им любят все, кто проезжает по данной трассе, а некоторые останавливаются, чтобы сфотографироваться возле него. Вот такие у него одноклассники – дружные и щедрые. К сожалению, уже двоих с ними нет, но остальные ребята до сих пор помогают их семьям.

В 1991 году он поступает в Карагандинский государственный медицинский институт. В 1998 году он закончил вуз по специальности «врач-гигиенист и эпиде-




миолог», принявший к тому времени статус академии.

С однокурсниками Оралхан поддерживает тесное общение. У них есть свой ватсап-чат, в прошлом году, например, они отмечали 25-летие со дня окончания Академии и сделали это как подобает: встретились в самом здании вуза, поблагодарили своих преподавателей, вручили им подарки. Многие из них достигли определенных высот в медицинском деле – есть среди них кандидаты и профессора медицинских наук.

По окончании академии его направляют в Северо-Казахстанскую область – Мамлютскую районную санэпидстанцию. Здесь стоит рассказать, о его прибытии в данный регион. Дело в том, что Оралхан обучался в школе и академии на государственном языке, а тут отправляют в самый северный регион страны, где делопроизводство ведется исключительно только на русском языке – приходилось адаптироваться.

И вот с молодой супругой они приезжают в воскресный день –



госучреждения, в т.ч. городское здравоохранение, естественно, закрыто. Куда пойти, куда податься в незнакомом и чужом для них городе? Встретили на базаре женщину лет 40-45, торговавшую товарами первой необходимости, разговорились... и напросились к ней в гости с ночевкой! Так что бывает и так! Или было... раньше...

Вообще супруга Мейрамгуль

мечтала стать гинекологом. Но ради мужа она пожертвовала своей мечтой, позже она получила два других высших образования. В дальнейшем она помоталась с ним по гарнизонам и тоже меняла места работ – маслихат Мамлютского района, отдел внутренней политики городского акимата Усть-Каменогорска. Когда его перевели в Астану, был объявлен мораторий на перевод между го-





сударственными службами, пришлось уволиться – во второй раз, ради мужа она прерывает свою карьеру...

Начав свой трудовой стаж с должности санитарного врача, Оралхан стал главным врачом управления государственного эпидемиологического надзора Мамлютского района Северо-Казахстанской области. Следующим географическим местом работы стал город Петропавловск – пограничный санитарно-карантинный пункт, базирующийся на железнодорожной станции. Здесь работа заключалась в контроле эпидемиологической ситуации на пересечении государственных границ России и Казахстана совместно с пограничниками и таможенниками.

Видать четыре года, проведенных с людьми в погонах, сильно повлияли на Оралхана и он принимает судьбоносное для себя решение: стать военным. В августе 2009 года 35-летний лейтенант запаса Абеуов устраивается на службу в Военный институт Внутренних войск МВД РК на должность старшего врача-эпидемио-

лога медицинской службы.

Для него это была абсолютно новая сфера – военная, здесь впервые он увидел казарму, проверял столовую, контролировал питание, оказался в полевых условиях, где велика опасность заражения военнослужащих особенно - опасными и паразитарными заболеваниями. Приходилось проводить эпидемиологическую разведку местности, организовать комплекс мер по предупреждению возникновения инфекционных заболеваний и ликвидации их в случае появления, организовывая сбор вредных насекомых (клещей), сдавать их потом на анализы. Далее была непродолжительная служба в Восточной бригаде, а в 2013 году его перевели в военно-медицинское управление.

Открывалось новое подразделение – санитарно-эпидемиологический центр Национальной гвардии. Его назначают начальником бактериологического отделения Центра, запускается передвижная бактериологическая лаборатория. Они проводят лабораторные исследования

в полевых условиях – проверяют окружающую среду, воду, воздух, местность, берут пробы пищи.

Сегодня Оралхан Ыдырысович – начальник санитарно-эпидемиологического центра Национальной гвардии (далее – СЭЦ). На данный момент СЭЦ имеет стационарно-бактериологическую лабораторию. Работает передвижная бактериологическая лаборатория – она периодически выезжает в воинские части Национальной гвардии, проверяет военнослужащих на наличие бактерионосительства менингококковой и кишечной инфекций и других заболеваний.

Также есть санитарный контроль на эпидемически важных объектах. То контролируется качество проведенных дезинфекционных работ, стерильность, проверяются медицинские кабинеты.

В составе СЭЦ сейчас 5 офицерских должностей, включая начальника, врач-эпидемиолог по особо опасным инфекциям, врач-гигиенист по коммунальной гигиене, врач-инфекционист и врач-бактериолог. Также по штату есть 2 должности военнослу-



службы Улан Ыдырысов является начальником медицинской службы воинской части 5510 РгК «Орталык» в городе Кокшетау. Улан женат и уже «подарил» внука деду Оралхану. Акторе недавно исполнился годик. У самого подполковника медицинской службы Оралхана Абеуова – трое детей. Дочь Жансая учится на третьем курсе столичного КазГЮУ имени М. Нарикбаева по специальности «Международное дело». Младшей, Райане – 7 лет и она учится в первом классе. С их мамой он познакомился во время своей учебы в медицинской академии – он на третьем курсе, она на первом. В те годы Оралхан успел только познакомиться свою маму с невесткой. Сейчас Мейрамгуль готовит школьников к учебному процессу, занимается общеобразовательной подготовкой детей младших классов.

жащих по контракту, это лаборанты.

По словам Оралхана Ыдырысовича СЭЦ активно развивается – в перспективе планируется открыть филиалы в РгК «Онтүстік», город Алматы. Желательно, конечно, везде бы их открыть – во всех РгК, чтобы были филиалы СЭЦ в составе хотя бы врача-бактериолога и двух лаборантов. Это необходимо для сохранения жизни и здоровья наших солдат. Ведь, если солдат здоров – с него можно и требовать выполнения служебно-боевых задач, а если он болен – какой с него может быть спрос? Болезни не предупреждают – они появляются внезапно: никто от этого не застрахован. Любой человек может заразиться инфекцией, поэтому первоочередная задача – это находить источники инфекций, своевременно изолировать больных и не давать распространяться заразе. А что требуется для этого? Надо развивать лабораторию, закупать более современное оборудование, а также необходимы современные методы исследований. На се-

годняшний день лаборатория требует вливания финансов, – сетует полковник Абеуов.

Отрадно, что старший сын последовал по стопам отца – старший лейтенант медицинской

**Подполковник  
Руслан КАЙЫРКЕНОВ,  
город Астана**



# ПУШКИ СТРЕЛЯЮТ ТОЧНО

## Азамат Кумархан – командир батареи

Не каждый гражданин знает, что у Национальной гвардии есть своя артиллерия. Да и не каждый военнослужащий может рассказать о гвардейцах-артиллеристах. Поэтому тем более вам, уважаемые читатели, будет интересно услышать об этой интересной профессии от командира артиллерийско-зенитной батареи артиллерийско-зенитного дивизиона воинской части 6637. Итак, слово старшему лейтенанту Азамату Кумархан.

*- Азамат, конечно, по сравнению с ветеранами войск правопорядка, Вы молодой и Вам еще далеко до середины большого пути. С другой стороны, у Вас уже есть определенный служебный опыт. Интервью начнем с классического вопроса. Как начиналась Ваша жизнь?*

- Родился я 12 апреля 1996 года в поселке Ауэзов Жарминского района Восточно-Казахстанской облас-

ти. Ныне этот населенный пункт принадлежит области Абай. Родился я, кстати, в шахтерской семье. Отец и дед – шахтеры, а я единственный, кто решил пойти военной дорогой. В Ауэзове жили мы до 1999 года, затем переехали в Бородулихинский район нашей же области, в поселок Жезкент.

Там я учился до девятого класса. В 2012 году поступил в Республиканскую военную школу-интернат

имени Бауыржана Момышулы в городе Алматы и проучился там два года. Учился на хорошо и отлично, поэтому получил звание «младший сержант» и успешно выполнял обязанности, будучи на должности командира отделения.

Затем захотел поступить в Военный институт сухопутных войск, но по линии ЕНТ, увы, не набрал необходимых баллов. Конечно, очень жаль, что не получилось, но руки опускать не стал. В нашем роду не принято сдаваться. К тому же, на тот момент я так сильно хотел стать военным, что твердо решил пойти на срочную службу. Как говорил мой дед: «Кто сильно хочет, тот всегда добьется».

В декабре 2014 года надел солдатские погоны. Родной стала воинская часть 6636, расположенная





в городе Астана. Меня отправили в поселок Державинск, во 2-й батальон, в стрелковую роту. Наступили обычные солдатские будни: разнообразная подготовка от физической до боевой, выполнение задач и обязанностей. Впрочем, что тут рассказывать – большинство из вас хорошо знает, чем живет стрелковая рота. Кстати, наша рота являлась самой дальней по сравнению с ядром полка.

Несмотря на полную занятость, я все равно находил время задуматься о своем будущем – мысль о военной профессии, об офицерской службе не покидала меня, ведь на все сто процентов был уверен, что обязательно стану кадровым военным. И мне повезло.

Однажды командир роты спросил меня: «Хочешь поступить в Военный институт Национальной гвардии РК? Есть такое желание?» Я с радостью ответил: «Так точно». Командир стал меня целенаправленно готовить к поступлению, да я и сам проявил максимальную активность в этом деле, ведь мечта о профессиональном служении стала приобретать реальный контур. Так что пять месяцев службы прошли не зря – с каждым днем я становился, как я считаю, все

более подготовленным к новому этапу служебной биографии.

Вскоре меня направили в ядро полка, в самую Астану. Там я прослужил еще три месяца. Помимо несения солдатской службы успевал параллельно собирать необходимые документы, так что готовился по всем линиям. И вот долгожданный путь в Петропавловск. Ну, а там, сами знаете, прием документов, собеседование, подготовительные сборы, экзамены.

Приятным стал летний день 3 августа. В этот день приказом начальника института я стал курсантом. Мечта сбылась – поступил в Военный институт по специальности «Командная тактическая ракетно-артиллерийского обеспечения войск». Это было лето 2015 года, тогда шел первый набор артиллеристов.

Как и все курсанты, обучался четыре года. Курсантская жизнь, подготовка в Военном институте для меня оказались очень интересными. Мне действительно нравилось учиться в военном вузе, который ныне по праву называется Академией Национальной гвардии. На окончание, военного вуза в 2019 году – приехали родители, сестра и тетя. Ко многим тогда приехали близкие родственни-

ки – все-таки событие-то не рядовое.

**- Как пошла офицерская карьера после получения лейтенантских погон и диплома?**

- Меня назначили в воинскую часть 6637. Здесь я начал службу в должности старшего офицера батареи. Минометная батарея стала настоящим родным домом. На первой должности пробыл три года, а в начале 2023 года меня назначили на должность командира батареи. Служба мне нравится, да и по-другому быть не может. Хорошо, что рядом, начиная от командира воинской части 6637 полковника Галымжана Кибаява и заканчивая сослуживцами трудятся старшие товарищи, с кого можно и нужно брать пример.

**- Тогда закономерный вопрос. Кого считаете своим наставником в военной сфере?**

- Когда я прибыл в воинскую часть 6637, то у нас командир дивизиона был майор Шокан Рамазанович Мурталимов. Сейчас он трудится преподавателем в Академии Нацгвардии. Помню те дни, когда я только прибыл в подразделение, будучи молодым лейтенантом. Конечно, было нелегко в первое время, начался классический период адаптации. Был очень рад, что наш командир не стоял в





стороне от молодых офицеров, а наоборот, стал учить всему полезному, как нести службу, как выполнять задачи. Учил абсолютно всему, даже как надо разговаривать с солдатами, сержантами и офицерами. Ведь в нашем деле мелочей не бывает, каждый нюанс ратного труда имеет большое значение. А нас учили всему, даже как правильно вести себя не только во время службы, но и в свободное время, за границами военного городка. Поэтому я многим обязан своему наставнику. Мы с ним до сих пор созваниваемся, общаемся. Я с него во всем беру пример.

В солдатский период мне запомнился командир роты Азамат Тананов. Тогда на его плечах красовались погоны старшего лейтенанта, ныне он майор. Он заботился о личном составе и помогал нам, солдатам во всех сложных вопросах. Про таких говорят, это настоящий офицер, командир, отец. Искренне желаю ему и таким как он крепкого здоровья, офицерской карьеры и успехов на новых должностях.

**- А кого Вы можете из подчиненных похвалить? Кто самый лучший с Вашей точки зрения?**

- Отличников много, но постараюсь назвать самых лучших. Это, конечно же, сержант 1 зенитного взво-

да артиллерийско-зенитной батареи сержант Бахтияр Жуманбеков. Очень исполнительный и ответственный военнослужащий. Все задачи выполняет на отлично. Еще одного лучшего могу назвать. Это командир 1-го зенитного взвода артиллерийско-зенитной батареи, сержант 3-го класса Ахат Жулдыгулов. Очень положительный человек, реальный пример для солдат. Так что этих двух военнослужащих по контракту надо хвалить в первую очередь. Есть и среди солдат достойные ребята, которые несут службу на отлично.

**- Если очень кратко, то можете сказать пару слов о зенитной батарее?**

- Начну с того, что артиллерия имеется не в каждой воинской части. Но там, где она есть, воинская часть, образно говоря, становится грозным оружием. Ведь наше главное отличие – огневая мощь. Мы сегодня являемся резервом Командующего РГК «Орталык», и я горжусь этим. Кстати, когда проходил Военный совет, то к мероприятиям привлекли и нас, артиллеристов. Мне довелось проводить занятия, и было в душе приятно, что за действиями нашего подразделения наблюдали командование НГ РК, командиры и заместители командиров всех воинских частей. Судя по

впечатлениям и высказанным мнениям, всем понравилось. В те дни мы получили большой ценный опыт, ведь практика – это великое дело.

**- Ваши дальнейшие планы?**

- Как и каждый офицер, думаю не только о том, чтобы успешно выполнять служебно-боевые задачи, заботиться о подчиненных, но и о карьерном росте. Есть, конечно же, и мечты, но о них лучше говорить, когда они сбываются. Как говорится, жизнь покажет, чего достигнем.

**- А что у Вас, если не секрет, на личном фронте и чем увлекаетесь в свободное время?**

- Я пока не женат, но девушка у меня есть. Что касается моих увлечений, то с детства обожаю спорт. В школе ходил на дзюдо, даже завоевывал призовые места на соревнованиях на уровне района и области. Когда стал военным, объем свободного времени уменьшился. Но тем не менее нашел время на тайский бокс. Полгода назад записался на него и с удовольствием занимаюсь в секции. Одна из причин – прийдешь туда и, образно говоря, пар спускаешь. Занятия и общение в спортивной секции всегда приносят большую пользу.

**- Ваш жизненный девиз?**

- Девиз у меня простой. Это сло-



ва нашего легендарного Бауыржана Момышулы о том, что перед тем, чтобы научиться командовать, надо научиться подчиняться. Это самое главное для меня в общении с личным составом, с начальством, с подчиненными и в принципе со всеми людьми. Когда получаешь задачи, надо вникнуть в их суть, поставить себя на место того человека, который дал эту задачу. Поэтому стараюсь представить, какую ответственность он несет за постановку и выполнение цели и задач. После полного осознания и понимания новых задач, принимаюсь за их грамотное и своевременное выполнение с учетом всех условий. Соответственно, такой же подход требую и от своих подчиненных.

**- Что можете пожелать новичкам в военной сфере?**

- Ну, что могу пожелать солдатам? Самое главное, чтобы они не боялись. Увы, у некоторых юношей в душе страх перед неизвестностью, уже заранее боятся, когда идут на срочную службу. На них, возможно, влияет и то обстоятельство, что международная обстановка сегодня далеко не простая, и у многих может возникнуть тревожное состояние. Я это прекрасно понимаю.

Ведь иногда родители могут нарисовать перед призывником, мягко говоря, сложную картину. Тут еще добавляется такое интересное обстоятельство, как мнение некоторых отцов и старших братьев, которые отслужили в 90-ые годы и даже в начале 2000-х годов, когда в обществе и в армии были определенные сложности. Кто-то из них может описывать то время в негативных тонах. Но все это осталось в прошлом. Сегодня наши Вооруженные силы и Национальная гвардия совсем на другом уровне во всех отношениях, начиная от технической оснащенности и заканчивая условиями проживания в военных городках.

Сейчас мы уделяем максимальное внимание и боевой подготовке, и воспитанию личного состава. Да и служить современным юношам предстоит всего лишь один год. Давайте скажем прямо, в армии вспоминаешь гражданскую жизнь 365 дней. А на гражданке (в гражданской сфере) всю жизнь будешь вспоминать армию. Хоть сто лет проживешь, все равно будешь вспоминать

службу. Надев военную форму, ты получишь не просто новые впечатления, а море эмоций и самое главное – новые знания и умения. У тебя появятся новые знакомые, приятели, друзья. Так что надо отбросить страхи и сомнения перед отправкой и смело начинать служить, когда становишься солдатом. Вот это я хотел бы пожелать начинающим воинам. А мы, офицеры и сержанты всегда поможем по-быстрее пройти адаптацию и стать полноправными членами дружного воинского коллектива. Каждый день я стараюсь учить солдат всему полезному, чтобы они вели себя правильно. Ведь дисциплина нужна не только здесь, но и везде. Мы готовим юношей в первую очередь к взрослой жизни.

Сержантам же желаю, чтобы они для солдат всегда были не просто командирами, а были наставниками и друзьями. А от молодых офицеров хочу, чтобы они не уставали. Да, работы у нас много, но мы же выдерживаем, закаляемся и идем дальше. Надо в первую очередь работать над собой. Самовоспитание – это самый главный фактор в нашем деле. И еще надо быть требовательным к себе и к подчиненным. На этом стояла и будет стоять любая военная структура.

**- Судя по нашему разговору, Вы очень серьезный человек и абсолютно спокойный. По крайней мере, произвели такое впечатление. В чем причина?**

- Такой у меня характер. Стараюсь не реагировать на каждую мелочь, а только на серьезные вещи. Наверное, я своим спокойствием пошел в своих родителей. У меня отец и мама очень



спокойные. У нас все родственники такие. Кстати, я единственный военный в нашем роду. Но, возможно, после моего примера могут появиться желающие надеть военную форму. Уже племянники, братишки интересуются моей службой, обращают внимание на многие нюансы. Например, часто спрашивают про службу, мол, что там и как. Так что кто знает, а вдруг и военная династия зародится, будущее покажет.

**- Ну, что ж, большое спасибо за интересные ответы. В свою очередь, мы желаем Вам и всем Вашим коллегам по ратному труду крепкого здоровья, успехов в службе и исполнения всех мечтаний и планов.**

- И Вам спасибо, что находите время для командировок и посещаете нас.

**Беседовал  
подполковник запаса  
Алтай СИЫРБАЕВ,  
город Петропавловск**

# БРОНЗА НАША!

Этим летом в Милане прошел чемпионат мира по фехтованию. В битве за первенство соревновались профессионалы из 155 стран. Казахстан представлял инструктор по спорту команды Национальной гвардии Казахстана ефрейтор Руслан Курбанов, завоевавший бронзу. Путь к ней был нелегким, но победа в четвертьфинале над хозяином арены Валерио Куомо привела его на олимп славы. Напомним, что это первая медаль мирового первенства не только для Руслана, но и для всей страны.

– Руслан, расскажите о Вашем пути к успеху – как долго Вы занимаетесь фехтованием и какие препятствия встречались на пути к медали?

– Мой спортивный путь начался 20 лет назад в Усть-Каменогорске, когда друг детства позвал за компанию сходить на тренировку по фехтованию. Тогда я уже занимался футболом, но из-за перелома руки

взял паузу. Фехтование меня сразу увлекло. Уже спустя пять лет я попал в сборную Казахстана и выступил на чемпионате Азии среди кадетов, который проходил в Алматы. Я взял серебро, это была моя первая международная медаль. Через год я выиграл золото на чемпионате Азии среди юниоров в Сингапуре, и это событие стало переломным в моей жизни. В тот момент я понял, что могу завоевывать медали на крупных международных соревнованиях. Позже, в 2013 году, мою копилку пополнила серебряная медаль в индивидуальных соревнованиях на всемирной летней универсиаде в Казани. В 2017 году еще одна важная медаль – золото взрослого чемпионата Азии среди мужчин в Гонконге. После этого я не раз становился призером Кубков мира в Германии, Италии, Франции. Еще одним очень важным событием в моей жизни стало попадание и участие (12 место) на Олимпийских играх в Токио – 2020. Это был незаменимый опыт, который в том числе дал мощный импульс для завоевания бронзы на чемпионате мира в Милане.

– Ваша победа в четвертьфинале была решающей для завоевания медали. Как Вы справились с

волнением во время этого матча?

– В четвертьфинале я встретился с соперником из страны, принимающей нас на чемпионате мира, – итальянцем Валерио Куомо. Конечно, бешеная поддержка его земляков создавала определенное давление в зале. Поэтому передо мной стояли две стратегические задачи: при любых обстоятельствах концентрироваться только на бое, не замечать провокации болельщиков оппонента и следовать четко разработанному плану. Хочу отметить и выразить благодарность казахстанцам и всей команде, которые были на чемпионате. Несмотря на свою малочисленность, они оказали мощную психологическую поддержку с трибун и болели так, что их было слышно сквозь весь шум вокруг.

– За всеми Вашими победами стоит большая работа над собой. Как Вы готовитесь к крупным соревнованиям и какие аспекты тренировок считаете наиболее важными для достижения успеха?

– Подготовка занимает не одну неделю и даже не один месяц. Задел начинается за год. В первую очередь перед началом сезона мы закладываем большой объем общей





физической подготовки, чтобы выдержать весь фехтовальный сезон. Для повышения мастерства и улучшения технико-тактических сторон постоянно проходим фехтовальные сборы с разными странами. Сейчас я уже тренируюсь не на количество, а на качество. Также все больше внимания уделяю концентрации и психологической подготовке к бою. Безусловно, важным моментом для достижения такого результата является грамотная работа тренерского штаба и всей команды, а также поддержка Министерства культуры и спорта и Национальной федерации фехтования.

**– Какие факторы являются наиболее важными источниками мотивации и поддержки на вашем спортивном пути?**

– Прежде всего, конечно, это моя семья. Для них я всегда победитель, независимо от результата. С детства родители всегда радовались моим успехам, но никогда не ругали за какие-то неудачи. Я благодарен им за то, что они научили меня правильно относиться к проигрышам. Большой мотивацией для меня, как и для любого спортсмена, служат самые главные соревнования в жизни – Олимпийские игры. Каждая победа на пути к ним формировала уверенность и желание идти дальше, работать и не останавливаться. Важен каждый шаг на пути, все те победы и поражения, которые случились у меня. Именно они и закаляют, готовят к более высоким результатам и формируют фундамент уверенности и психологической зрелости.

**– Как фехтование влияет на Вашу жизнь вне спорта, какие уроки вы извлекаете из тренировок и соревнований?**

– Я не представляю свою жизнь вне спорта. Даже когда я дома, мы семьей предпочитаем активные виды отдыха, походы в горы. Все занимаются спортом как хобби. У нас дома у всех есть понимание режима: правильный сон, рацион питания, баланс отдыха и работы, здоровый психологический климат. Наверное, для моей семьи фехтование тоже стало частью жизни. Они постоян-

но болеют за меня, поддерживают и стараются помочь во всем. На самом деле, они как никто знают обратную сторону медали, за что я им очень благодарен. Это не просто. Принципы, которым я следую, заложили в меня родители, наставники, а спорт лишь закалил их. Думаю, это базовый набор, которым должен обладать порядочный человек: ответственность, трудолюбие, дисциплина, честность, доброта.

**– Руслан, каково Ваше мнение о развитии фехтования в Казахстане, и каким образом можно привлечь молодежь в этот вид спорта?**

– Последние лет семь в фехтовании я могу отметить как плодотворный этап. Огромную благодарность хочется выразить Министерству культуры и спорта, Главному командованию НГ РК. Также положительные изменения связываю с приходом в нашу федерацию президента Мирбулата Абуова. Он постоянно оказывает нам всестороннюю поддержку, всегда принимает решения в пользу введения новых методов подготовки, а также создания всех необходимых условий для таких результатов, какие мы имеем сегодня. А это золото на Кубке мира в Стамбуле в команде, моя бронза на чемпионате мира в Милане и второе место в олимпийском рейтинге в команде. Важно понимать, что такие награды не являются достижением и результатом работы только спортсмена. Это победа каждого человека, специалиста, который участвует в этой огромной цепочке. В последнее время радует, что все больше и больше именно молодых ребят узнают об этом виде спорта. Этому способствуют не только наши результаты, популяризация фехтования, которую ведет федерация в социальных сетях и СМИ, но и проведение соревнований международного уровня уже у нас в Казахстане. Так, в прошлом году впервые в истории в Казахстане прошел Кубок мира среди юниоров по сабле среди женщин, а в этом году пройдут чемпионат Азии среди спортсменов до 23 лет и Генеральная Ассамблея Азиатской

конфедерации фехтования.

**– Какие советы Вы можете дать начинающим фехтовальщикам, которые мечтают достичь ус пехов, подобных вашим?**

– Я очень люблю то, что делаю. Поэтому первое, что хочется пожелать, – любить свое дело. Это настолько долгий тернистый путь, что без любви никак. Ты бываешь злым, расстроенным, уставшим, у тебя может не быть сил – но любовь к своему делу преодолевает это все. Второе – осознайте, что все базируется на трех китах успеха: ответственность, труд и дисциплина. Не всегда будет интересно и весело, иногда вас ждет рутинная жизнь. И третье – окружайте себя правильными людьми. Будут те, кто не сильно-то порадуется вашим успехам. Важно, чтобы у вас была сильная моральная и психологическая поддержка. Да, это все сложно, но то, что вы получите взамен – не передать словами: вкус победы, адреналин, радость, чувство полного удовлетворения. Это и есть жизнь, яркая и неповторимая. Я счастлив, что 20 лет назад познакомился с миром фехтования.

**– Какие цели Вы обозначили перед собой?**

– Впереди нас ждут Азиатские игры. Очень непростые соревнования, потому что в Азии конкуренция очень высокая. Там примут участие действующие олимпийские чемпионы в команде – сборная Японии, а также бронзовые призеры Токио 2020 – сборная Кореи. Нельзя недооценивать и сборную Китая: они были четвертыми на Олимпиаде. Это будет серьезный старт с достойными соперниками, но мы нараиваемся на высокий результат. Дальше продолжаем путь на Олимпийские игры, как в личном, так и в командном зачете. Когда возьмем лицензию, цель – показать высокий результат – медаль.

**Беседовала  
Ботагоз ШАЙХИНА,  
фото из личного архива  
Р. КУРБАНОВА**

# «МАҒЖАН СЕНГЕН ЖАСТАРМЫЗ!»

Ұлттық ұланның Ән-би ансамблі 1992 жылы Алматы қаласында өз қызметін бастаған болатын. Елорда Астана атанған шақта Ансамбль құрамы да жас қалаға ауысып, сол уақыттан бері бас шаһарда міндеттерін атқарып келе жатыр. Ансамбль қатарындағы өнер адамдары – солист-әншілер, мың бұралған бишілер тобы, Ерлер хоры қазіргі уақытта Ұлттық ұланның дәрежесін биікке көтеріп, әр түрлі ақпараттық-насихат топтарында ел-елді аралап, халықтың жүрегінен орын тауып жүр. Солардың қатарында Ән-би Ансамблінің офицер-солисі кіші сержант Ерасыл Тоқанұлы Бозаевтың өнер жолындағы жетістіктері мен өмірбаянымен танысатын боламыз. Қашан көрсең де жүзінен жылулық пен кішіпейілдік байқалып тұратын Ерасылмен болған шағын сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

- Ерасыл, алдымен өнерге, ансамбль қатарына қалай келдіңіз, сол туралы айтып өтсеңіз...

- Менің өнерге келуім құқықтық тәртіп әскерімен тығыз байланысты.

Тіпті, өнерді таңдауыма да себепкер болған Ішкі әскер (қазіргі Ұлттық ұлан) десем артық айтқаным емес. Бірақ бұл өнерден тіпті құралақан болдым деген сөз емес. Мен әскерге дейін де мәдени шараларда ән айтатынмын. Әскери өмірде де қоғамдық шараларды ұйымдастыру сол тәжірибемнің жалғасы іспетті болды.

2012 жылы мен Шығыс Қазақстан облысынан Астана қаласындағы 5570 әскери бөліміне азаматтық борышымды өтеуге шақырылдым. Әскердегі біржылдық қызметім көзді

ашып-жұмғанша жылдам өтті. Себебі мен әскери бөлімде өткізілетін әр түрлі қоғамдық-мәдени шаралардың басы-қасында жүретінмін. Түрлі концерттер, сарбаздар арасында өтетін көңілді тапқырлар клубы, мерекелік шаралардың барлығы менің қатысуымсыз өтпейтін. Өнерге деген жақындығымды байқаған әскери бөлім басшылығы мені 2013 жылы Қарулы Күштер арасында ұйымдастырылған «Жасұлан» патриоттық конкурсына қосты. Сол жерде жүлделі орынға ие болдым. Сол кезде сарбаздың жеңімпаз атануы – ансамбль тарихында алғаш рет болды. Осы тұста айта кететін жәйт, барлығыңызға таныс ансамбль солисі Денис Яковлев менің қарулас досым болды. Ол сол кезде Астана қаласында орналасқан 3660 әскери бөлімінде борышын өткерді. Бір күнде, бір бұйрықпен екеуміз әскери өмірге бірге қадам басқан болатынбыз. Сол себепті онымен қазіргі уақытта әріптес ретінде ғана емес, қарулас дос ретінде де қарым-қатынастамыз. Дениспен бірге Отан алдындағы азаматтық борышты өтеу жолында қоғамдық жұмыстарды бірге атқарып, белсенділік танытқан болатынбыз.

Сонымен, бір жыл қас-қағым сәтте өтіп кетті, ата-анамызға оралатын уақыт таяғанда маған тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар басқармасының сол кездегі бастығы марқұм полковник Мұхаметқали Құсайынұлы Сатов пен ансамбль жетекшісі полковник Рахметжан Шамұратовтан ұсыныс түсті. «Сенің өнерге деген құлшынысыңды бай-



қап, Ішкі әскердің (қазіргі Ұлттық ұлан) Ән-би ансамбліне келісімшарт қызметі бойынша жалғастыруға қызметке қалуға ұсыныс жасаймын!» деді. Ата-анаммен, өзімнің жүрек қалауыммен әскери қызметімді жалғастыруға бел буып, сол кездегі Ішкі әскер Қолбасшысы генерал-майор Руслан Жақсылықовтың қабылдауында болып, қызметімді жалғастырып кеттім. Міне, қазіргі уақытта Ұлттық ұланның Ән-би Ансамблінде қызмет атқарып жүргеніме 10 жылдан астам уақыт өтіп кетіпті. Осылайша, менің өнерге қол сермеп, қалықтауыма Ішкі әскердің жаны жайсаң жандар әсер етті.

- Ұлттық ұлан Ән-би Ансамблінде қызмет атқарғаныңызға он жылдан астам уақыт өткен екен, қандай жетістіктерге жеттіңіз, қандай музыкалық конкурстарға қатыстыңыз?

- Өнер – шексіз, бір орында шектеліп қалуға болмайды. Сондықтан ансамбльдің тікелей атқарылатын қызметтерінен басқа әр түрлі конкурстарға қатысып, тәжірибемді шыңдап келемін. Кез келген адам-



**Сол туралы кеңірек айтып өтсеңіз...**

– Ақын М. Жұмабаев атамыз «Мен жастарға сенемін!» деп, қазақтың рухты, жігерлі жігіттеріне өлең арнап кетсе, менің сол өлеңге жауап ретінде жазылған әнім осыдан үш жыл бұрын жарық көрген болатын. Сол патриоттық тақырыптағы әннің атымен, 2022 жылы шығармашылығымның 10 жылдығына орай альбом жинақтадым. Онда ән-қоржынымдағы жиырмаға жуық өлеңдерім енгізілген. Өндерімнің көбісі менің жолдастарым Нұрлыбек Амановтың және актер, киноактер Олжас Жақыпбектің әндеріне жазылған туындылар, белгілі ақын Саят Әбеновтың де шығармалары бар. Бірнеше аспапта ойнайтын Нұрлыбек Амановтың есімі барлығына таныс, оның еңбегі өлшеусіз. Осы жинақтағы өлеңдерімнің аранжировкасын да жасаған өзі.

Осы ән-жинағымды былтыр туған жеріме Мақаншы ауылына апарып, туған атамның 100 жылдығына орай жеке концертімді беріп, 500 дана альбомымды тегін тараттым.

ның ширап, дамуы үшін күнделікті тәжірибе қажет-ақ. Сондықтан қандай да бір ұйымдастырылған конкурс, байқауларға бағымды сынап, қатысуға тырысамын. Солардың бірқатарын айтып өтейін. Қала күнінің 10 жылдығына орай ұйымдастырылған Астана қаласы әкімінің Кубогына арналған музыкалық конкурста Гран-при иесі атандым, Ақтөбе қаласында 2020 жылы бүкіләлемдік пандемия кезінде Р. Бағланова апайымыздың 100 жылдығына орай ұйымдастырылған республикалық «Ақмаңдайлым» онлайн-музыкалық конкурсында I орын жеңімпазы болсам, 2021 жылы «Түркістан дауысы» республикалық-конкурсының дипломанты атандым. 2022 жылы Қызылорда қаласында дәстүрлі түрде өтетін әнші Батырхан Шөкеновтың 60 жылдығына орай өткізілген «Отан-Ана» III республикалық конкурсында I орынға ие болдым. Ең басты жетістігімнің бірі ретінде айтып өтейін, 2022 жылы шығармашылығымның 10 жылдығына орай «Мағжан сенген жастармыз!» атты альбомым жарық көрді.

Сонымен қатар, 2021 жылы Ұлттық ұлан Ән-би Ансамблінің ұжымымен бірге Уфа қаласындағы фолькориадаға қатыстық. Ал былтыр өздеріңізге белгілі «Қазақстан

Республикасына қызмет етемін!» акциясы бойынша Қазақстанның бірталай жерлерін араладық.

Әскери адам болғаннан кейін лауазымның да маңызы бар ғой, осы жылы Ансамбльде жаңа офицерлік лауазымға тағайындалдым. Енді, Алланың қалауымен келесі жылы алғашқы офицерлік «лейтенант» шеніне ие боламын деген үмітім бар.

Жалпы, Қазақстан бойынша кең көлемде өтетін шаралардың барлығына қатысып отырамыз. Ұлттық ұлан Ән-би Ансамблінің ойып тұрып орын алатын өзіндік орны бар деп ойлаймын.

– **«Мағжан сенген жастармыз!» атты альбомыңыз жарыққа шықты дедіңіз, құтты болсын!**



Ондағы мақсатым – жастар арасында өнерді насихаттап, рухты, жігерлі туындыларды тыңдасын деген ниет болды. Онымен қоса, алғашқы жеке шығармашылық концертімді туған елден бастап, үлкендердің батасын алайын деген ниет болды.

– Сіз өзіңіз композиторлықпен айналысасыз ба, ән жазасыз ба?

– Мен ән жазумен енді ғана айналысып жүрмін, бірақ толықтай қолға алдым деу ертерек. «Қарапайым қыз» деп аталатын өлеңді жазғанмын. Досым Нұрлыбектің әнді өңдеуге көмегі көп болды, сөзі Тоба Өтепбайдыкі. Жаңа бағытта өзімді сынап көрейін дедім, жаман болмаған сияқты. «Жігітке жеті өнер де аз» дегендей, өзімді барлық жағынан сынап-шындап жүргім келеді.

– Ерасыл, басқа Қарулы Күштер ансамбльдерінің солистерімен қандай қарым-қатынастасыз?

– Шекара қызметі болсын, басқа да әскер құрылымдарының ансамбльдерімен мейлінше жақсы қарым-қатынас орнатуға тырысамыз. Олар Ұлттық ұлан Бас қолбасшысына қызметтік хат жіберу арқылы бізге сұраныс жібереді. Әр түрлі Мемлекеттік шараларды, республикалық, қалалық концерттерді бірге өткіземіз. Олардың барлығымен тығыз



қарым-қатынастамыз.

– Қай тілдерде ән айтасыз?

– Әнді қай тілде айтсаң да, жүректен шығу керек. Әннің мазмұнын түсініп, жүрекпен айтылса, қай тілде айтап тұрғаның маңызды емес.

Десе де мен түрік, қазақ және орыс тілдерінде айта беремін, ағылшын тілінде де әндерім бар, бірақ толық өңделмеген.

– Отан қорғау жолында қызмет атқарғандықтан жеке шығар-





**машылығыңызда тек қана «патриоттық әндер айтылу керек» деген шектеулер жоқ па?**

– Біздің жеке шығармашылығымызға Ұлттық ұлан, ансамбль басшылығы тарапынан, ешқандай «тоқта» деген белгі жоқ. Керісінше, өнерді барынша насихаттап, дамыту қажет. Әндерімнің тақырыптары алуан түрлі, бірі – Отан туралы, бірі – махаббат, енді бірі – ана туралы, әке махаббаты туралы айта береміз. Ешбір шектеусіз, еркін тақырыпта, ең бастысы – жүректен шыққан ән тыңдарманның жүрегінен орын табады.

**– Қандай аспаптарда ойнай аласыз?**

– Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра дегендей, міндетті түрде домбыраны тартамын. Гитарамен де ән айта беремін. Нотаны танығаннан кейін барлық аспаптардың тілін тани бересің. Ансамбльде алғашында 6-7 ғана адам болды, кадрлық жетіспеушілік уақытында өзіміз дайындалып хордың бастамасын бастап, хордың құрамында да болдық. Одан кейін хордың құрамы жасақталғаннан кейін, жеке әнші, жеке солист атанып, тарап кеттік.

– **Шығармашылығыңызбен**

**таныстық, енді әскердегі Ерасыл туралы білсек...**

– Әскер – кез келген әскери қызметшіден алдымен жауапты болуды, тиянақтылықты, жылдамдықты талап етеді. Біздің де таңымыз жеке құрамды таңғы тексеруден басталады. Өздеріңізбен бірге біз де жылына бір рет өтетін қорытынды тексерісті тапсырамыз, міндетті түрде ату-жаттығу дайындығы бойынша сынақтан өтеміз. Жалпы әскери қызметшілер қандай қызмет атқарса, біз де солардың қатарындамыз.

«Шығармашылық жандар» қатарынан болсақ та, әскердің кез келген бұйрықтары мен талаптарын орындаймыз және Әскери антқа адалмыз, бір сөзбен айтқанда, Отан үшін адал қызмет етуге дайынбыз!

**– Енді өзіңіз туралы, отбасыңыз жөнінде айтып өтсеңіз...**

– Мен қазіргі Абай облысы Үржар ауданы Мақаншы ауылының тумасымын. Бала күнімнен домбыра үйірмесіне қатысқанмын. 1-9 сынып аралығында спортқа бейім болдым. Жастар арасында дзюдо күресінен спорт шебері деген атағым да бар. Жол көлігінде қозғалыс басқармасын ұйымдастыру бойынша мамандық иесі атандым, бірақ ол салада

қызмет атқарған емеспін. Әскер қатарына келіп, өз жолымды тапқан жанмын. Жоғарыда айтып өттім, әскерге келгенде менде музыкалық білім болған жоқ, осы Ұлттық ұлан қатарындағы генералдар мен офицерлердің менің талантымды бағалауының нәтижесінде, сол кісілердің қолдауының арқасында Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы университетті аяқтап, кәсіби музыкант атандым.

Отбасым туралы айтып өтер болсам, ата-анамның өнерге ешқандай қатысы жоқ. Анам Бозаева Күләш Канадиқызы орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі, әкем Бозаев Тоқан Нөкежанұлы жеңіл атлетикадан еңбегі сіңген спорт шебері. Негізі әкем мені спорттан көргісі келді, бірақ менің таңдауым басқа болды. Әкем қазіргі уақытта Қазақстан бойынша тоғызқұмалақты дамытуға үлесін қосып жүр. Ол Мақаншы ауылындағы Найманбай мектебінде тоғызқұмалақтан сабақ береді, ал анам зейнеткерлік демалыста. Отбасыма жалпы бес баламыз. Мен үш қыздан кейін туылғанмын, ал менен кейінгі бауырыммен он бес жас аралығында айырмашылық бар. Мен он алты жыл үйдің еркесі атанып жүргенмін. Қазақ ұрпағының ізін жалғайтын ер баланың болғанын аңсайды ғой, мен де солай көптен күткен қуаныштарының бірі болғанмын. Менің есімімнің қойылуы да ерекше. Мен дүниеге келген жылы, яғни 1991 жылы Мақаншы ауылында Қабанбай батырдың 550 жылдығына орай үлкен ұлан-асыр үлкен той болған, соған орайластырып қойған. Қабанбайдың шын есімі – Ерасыл екенін білесіздер ғой, сол Ерасылдай атқа мінер батыр болсын деп ырымдаған екен. Қазір ел басқармасақ та, Отан алдындағы міндетімізді атқарып жүрген жайымыз бар. Бауырларым туралы айтар болсам, екі әпкем осы Астана қаласында тұрады, біреуі Аягөзде тұрады. Біреуі дәрігер, біреуі құрылыс саласында, ал үшінші әпкем полиглот, сегіз тілді меңгерген, мектепті үздік аяқтап, Алтын белгі иегері атанған. Ал өзімнен кейінгі кенже бауырым Жандос Астана қаласындағы Политехникалық колледждің IT маманы бойынша білім алуда. Оның өнерге жақындығы бар, «Ютуб» әлеуметтік желісінде белсенді, өзінің каналы бар, түрлі жанрда, тақырыпта бейнероликтер



жасайды.

Өзімнің отбасылық жағдайыма келетін болсақ, 2015 жылы шаңырақ көтердім. Жұбайым Ақмарал Заманқызы Сұлтанова 1992 жылы дүниеге келген. Осы Астана қаласы-

ның тумасы, өнерге ешқандай қатысы жоқ. Үш балпаным бар, тұңғыш қызым Айша жеті жаста, ал екінші қызым Малика төртте, ұлым Батырхан екі жарым жаста. Осы тұста айта кететін бір жайт – мен өнердегі ағамыз Батырхан Шөкеновтың шығармашылығын қатты ұнатамын, сол кісінің әндерін тыңдаймын, сол себепті ұлымның есімін де сол кісінің құрметіне орай Батырхан деп қойған едім. Болашақта сол кісідей Қазақстанның өнерлі әншілерінің бірі болса деген арман, үміт бар.

**– Қатал әкесіз бе? Үнемі іссапарларда жүресіз, жарыңыздың оған көзқарасы қандай?**

– Мен өзімді әзірше қатал әкемін деп айта алмаймын, себебі балаларым әлі кішкентай, оның үстіне қыз баланы қазақ халқы еркелетіп өсірген ғой, ал ұлым болса әлі кішкентай. Бірақ ер балаға әкенің қаталдығы

керек-ақ. Сондықтан оны уақыт көрсетер. Ал жұбайым өнерді түсінеді, бағалайды. Жалпы менің ойымша берекелі отбасында түсіністік пен сыйластық болмаса, оны отбасы деп

айтудың керегі жоқ. Сенімсіздік, ұрыс-керісушілік болған отбасында береке болмайды. Сондықтан жарым менің өнеріме, қызметіме түсіністікпен қарап, отбасымда балаларымның тәрбиесімен айналысып, менің жағдайымды жасап отырады.

**– Өмірдегі, өнердегі принциптеріңіз қандай?**

– Менің өмірлік девизім: бәсекелестерден әрқашан бір қадам алда болу. Егер ондай болмаған жағдайда, ол істі жасамау.

**– Болашаққа қандай жоспарларыңыз бар?**

– Болашаққа жоспар көп, үлкен шығармашылық есеп беру концертін берсем деген ойым бар. Сонымен қатар, жаңа альбом жинақтап жатырмын. Бірақ әлі көп ізденіс қажет, бұл жинақтың ерекшелігі – еркін жанрдағы әндер топтастырылған, алғашқы альбомымда көбінесе патриоттық әндер болса, бұл ән-жинақта басқашалау болады. Оның да тұсауын кесетін сәт те туар, сондықтан жоспар көп, еңбектеніп, көп іздену қажет.

**– Сұхбатыңызға рахмет, Ерасыл Тоқпанұлы! Сізге шығармашылық табыс пен отбасыңызға амандық тілеймін!**

Лейтенант  
Құралай ЖҰМАҚЫЗЫ



# Шехназа Сейітқазықызы: Үлкен сахнаға алғаш рет шетелде шықтым

Журналымыздың кезекті санында оқырман қауымға Астанадағы «Жастар» театрының талантты әртісі Шехназа Сейітқазықызымен болған сұхбатты ұсынамыз.

*Шехназа Қызыханова «Елорда жастар сыйлығын», «Сахнагер - Үміт» ұлттық театр сыйлығын иеленген және Қырғыз Республикасының мәдениетіне үлес қосқаны үшін «Жамал Сайдакматова» медалімен наградталған.*



– Шехназа ханым, ең алғашқы рөліңіз есіңізде ме?

– Алғашқы сомдаған рөлім Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлт-

тық өнер академиясында оқып жүрген кездегі дипломдық жұмысыммен байланысты болды. Біз «Моцарт» мюзиклін әзірледік. Мен Констанца-

ның рөлін ойнадым. 2-3 курста оқып жүргенде сол номермен Оңтүстік Кореяның Тэгу қаласында өткен дүниежүзілік мюзикл фестиваліне барған болатынбыз. Бұл – АҚШ-та өтетін «Бродвейден» кейінгі беделі жағынан екінші фестиваль. Мюзикл жанрының ерекшелігіне сай ән айттық, би де биледік және актерлік шеберлігімізді көрсеттік. Оған АҚШ, Франция, Ресей секілді ірі мемлекеттерден де өнерпаздар келген болатын. Сол жақта студенттер арасындағы арнайы жүлдеге ие болдық. Осылайша, мен алғаш рет үлкен сахнаға Корея жерінде көтерілдім. Жалпы «Моцарт. Рок-операсы» алғаш рет Францияда қойылған. Біз оны дипломдық жұмыс кезінде көрерменге басқаша ұсындық. Бұл мюзиклді ұстазымыз Нұрқанат Жақыпбайдың нұсқаулығымен, режиссерлік шешім қабылдай отырып, түрлендірген едік. Әдетте бұл мюзиклді барлық елде бірдей, бір стандартта көрсетеді. Ал біз Кореяға өзіміз өзгерткен нұсқаны апардық. Сол кезде есімде қалыпты, аталған мюзиклдің түпнұсқасын қойған режиссер бізге келіп, «Бұл мюзиклді дәл осылай түрлендіріп, басқаша қоюға болатыны жайлы ой маған келмейті. Сіздер мені таңқалдырдыңыздар. Керемет!» деді. Оның эмоциясын білдіріп, басын иіп, тәнті болғаны біз үшін ұмытылмас әсер қалдырды. Сонда ғой кәрістердің бізге таңқала қарағаны... Кейін осы мюзиклде ойнаған студенттерді Нұрқанат Жақыпбай «Жастар» театрына қабылдады. Біз мұнда дайын дипломдық жұмыстарымызбен келдік. Одан кейін Нұрқанат Жақыпбай шеберханасының түлектері болып, өзіміз музыкасын жазып, өзіміз қойылымын сомдап «Қыз Жібек» операсын жасадық. Ол жерде мен Дүрия рөлінде ойнадым. Аталған екі спектакліміз де республикалық деңгейдегі байқауларда гран-при алып, халықаралық сайыстарда да жүлдегер атанып жүр.

– Қобалжу жайлы айтыңызшы.

– Әрине, ол кездері қобалжу де-

ген жиі болатын. Тіпті соның салдарынан тамағым кеуіп қала беретін. Мысалы, сахнада актерлық шеберлігінді көрсетіп жатып, бірден әнге салып кетуің керек кездер болады. Сондайда қиналып қалатынымын. Бірақ мұның бәрі тәжірибе жиналған сайын біртіндеп реттеле бастайды.

– **Сахнада қандай образды сомдағыңыз келмейді?**

– Актриса мамандығын кәсіби түрде оқып шыққаннан кейін режиссер бекіткен кез келген рөлді сомдап шығуға тиіссіз. Мысалы, биылғы 11 наурызда жаңа спектакльдің премьерасы болды. Сол қойылымда маған «БОМЖ-дың» рөлін берді. Ал мен оны алғым келмейді деп айтпаймын. Себебі, кез келген рөлге ену – біздің жұмысымыз. Барынша сәтті ойнауға тырыстым. Образдардың әртүрлі болуы актер үшін қызықты ғой.

– **Өзіңіз қатысқан қойылымның шымылдығы ашылған сәтте қандай күйде боласыз, ал шымылдық жабылғанда ше?**

– Қойылым болатын күні бәріміз жиналып, сахнадағы әрбір іс-әрекетті, сөздерді пысықтап, дайындық жасаймыз. Техникалық жабдықтар, кейіпкерлердің гримдеріне дейін мұқият тексеріледі. Қойылымды бүге-шүгесіне дейін бір қойып шығамыз. Ал шымылдық ашылғанға дейін мен сахнаға шығып, Құдайға дұға жасаймын. Ойымды бір арнаға шоғырландырып, жинақталуға тырысамын. Өзім сомдайтын кейіпкердің іс-әрекетінен көрермен ой түйсе, ғибратын сезінсе екен деп тілеймін. Мұның бәрі шымылдық ашылғанға дейінгі 5-10 минут аралығында болып жатады. Сосын біз бір-бірімізге сәттілік тілеп, қолдау білдіреміз. Ал шымылдық ашылған сәтте менің әлемім өзгеріп сала береді. Қандай қойылымда өнер көрсетсем, сол кезеңнің адамына айналып кеткендей күй кешемін. Бұл кезде күйбең-тіршіліктегі ойларыңа орын қалмайды. Образға жан-тәніңмен берілген кезде басыңдағы барлық мәселе, бөтен ой артта қалады. Қысқаша айтқанда, қойылым біткенге дейін мына өмірде жоқ адам бола тұрасың. Ал шымылдық жабылған кезде бойымда бір босансу пайда болады. Бұл мезетте біз көрермен алдында тағзым жасауға дайындалып үлгереміз. Сол бір шақ – «өте тәтті» сәттердің бірі. Біз жасаған, ұсынған дүниенің



көрерменге қалай әсер еткенін сезінуге тырысамын. Олардың реакциясын іштей бақылап тұрамын. Олар қалай шапалақ ұратынына дейін күтесіз. Көрерменнің сенің өнеріңді қалай бағалайтыны қызық... Көрерменнің әрбір қошеметін, алғысын бойыма сіңіріп тұруға тырысамын. Өзім де сол жерде іштей келгендерге рахмет айтып тұрамын. Сосын кейде көрермен тарапынан алған эмоцияның ықпалынан көңілде пайда болған ерекше толқын тулап, ұйқы бермейді. Кей актерлер күрделі, ауыр қойылымнан шыққаннан кейін қалыпты өміріне еш қиындықсыз орала қояды. Ал маған сол күнгі әсерден толық арылу қиынға соғады. Іштей өз өнеріме қорытынды жасағанша қалай түн жарымы болып қалғанын байқамай да қалам.

– **Актриса ретінде берік ұстанатын ұстанымыңыз бар ма?**

– Кәсібилік. Кәсіби шебер ешқашан ақталып жаппайды. Кез келген

адам өз саласын 100% жетік меңгеруі керек. Мейлі, сен тіс дәрігері бол, актер бол немесе хирург шығарсың. Бәрібір. Сондықтан актердің де шеберлігін көрсету кезінде жасаған қателігі кешірілмейді. Актер ешқашан өзі көтерілген кәсіби шеберліктің шыңынан түспеуі тиіс.

– **Сабира Майқанова, Бикен Римова секілді майталмандардың бүгінгі ізбасарлары өздеріңіз. Сіздерге қандай сын жиі айтылады.**

– Бізге сын айтылады. Кейбір сыншылар «Жастар» театрын пластикалық театр деп қана қабылдайды. Нұрқанат Жақыпбай театрға алғаш болып хорды, ән айтуды, би биледі алып келген болатын. Қойылымды пластикамен де жеткізуге болатынын көрсеткен еді. Театр алғаш ашылғанда сын өте көп айтылды. Қазір де сол сын бар. Ал бірақ бұл тұрғыда біз Нұрқанат Жақыпбайды реформатор ретінде қабылдаймыз. Өйткені, ол осы арқылы жалпы қазақ



театры өнерін жаңа деңгейге көтерді. Театр – бүкіл өнерлердің тоғыскан синтезі. Онда акрабатикалық өнер де, хор да болуы керек қой. Заман ілгерілеген сайын, адамдар да өзгере бастайды. Сондықтан қойылымды ұсынарда ұшқырлыққа да сүйену керек. Мысалы, «Таптым. Ғашық болдым. Жоғалттым» мюзиклін бір байқауда сыншылардың алдына алып шықтық. Сонда олар қойылым арасында бірден әнге ауысып кететін сәттерді түсінбей қалып жатты. Қабылдай алмаған сияқты. Ал бірақ бұл – бізге келетін заманауи көрермендердің ең сүйікті қойылымдарының біріне айналып кетті. Көрермен мұны жақсы түсінеді. Кейіпкердің әнмен жауап қатуы мюзиклде «находка» саналады. Ал мұның бәрін жымдастыра білу – шеберлік. Себебі 2 сағат сахнада тұрып, кез келген

актер сөйлеп бере алады. Арасында жылап, күліп, сөзбен ғана әрекет ету оп-оңай. Ал біздің ұстазымыз оңай жолдан әркез қашады. Ондай оңай дүниені беріп керегі не? Көрермен қойылымнан эмоцияға толы әсер алуға, таңқалу үшін, тамсану үшін келеді.

– **Театрда бір рөлді бірнеше мәрте қайталау сізді шаршатпай ма?**

– Бір рөлді бірнеше рет сомдау неге жалықтырмайтынын бізесіз бе? Әр кез бір қойылымды екінші рет көрерменге ұсынатын болсақ, жетілдіріп барып қана көрсетеміз. Ескірген жерін толықтырамыз. Әрдайым жаңашылдық енгіземіз. Сондықтан бұл бізді шаршатады дей алмаймын. Сіз өскен сайын, өзіңіз сомдап жүрген образ да жетіле түседі.

– **Шығармашылығыңызда**

**қандай жаңалықтар бар?**

– Шығармашылығымдағы жаңалыққа «Шекспирде» ойнағанымды атап өтсем болады. «Шекспирде» ойнау – өте қиын. Бұл кез келгеніміз үшін жаңа кезең саналады. Мысалы, «Ромео мен Джульетта» спектаклінде күтушінің рөлін сомдап көрдім. Кормилицаны. Өте жарқын образ. Кезінде Ғазиза апаймыз ойнаған рөл. Негізі бұл рөл үшін мен жастауым. Сондықтан қиындау болды. Ол – эмоцияға толы, оқыс қимылы көп кейіпкер. Осындай қойылымда ойнағаным бақыттымын және бұл бастамасы ғана деп ойлаймын. Менің ендігі арманым – Шекспирдің басқа кез келген кейіпкерін сомдау. Алдағы уақытта әлі де премьералар болады. Сол кезде бұйырып қалатын шығар. Айтпақшы, Ермек Аманшаевтың «Адасқан ұлынды жазғыра көрме, Жаратқан» деген спектаклі қойылды. Ол жерде бір эпизодта ойнадым. Алдағы уақытта көрермендерді жаңа образдарда қуантамын деп үміттенемін.

– **Сөз соңын Ұлттық ұлан сарбаздарының қызметі жайлы пікіріңізбен аяқтасақ...**

– Ұлттық ұланның жауынгерлік міндеттері жайында көп біле бермейді екенмін. Дегенмен қала көшелерінде үш-үштен жүретін сарбаздардың осы әскер түріне жататынынан хабардармын. Сондай-ақ олардың жоғалған балаларды табуға, ұры-қарыны ұстауға үнемі атсалысатыны жайлы газет-журналдардан көзім шалып қалады. Соған қарағанда Ұлттық ұлан жауынгерлері елдің тыныштығын қорып, бейбіт өмірдің бұзылмауын бақылайды деген ой келіп отыр. Жалпы қазақ әскері қашанда халқына қорған бола алатындай қауқарлы, мықты болуы керек. Қарияларды, біздерді, балаларды қауіп-қатерден қорғау – нағыз ер азаматтың міндеті. Ал егер Ұлттық ұлан сапында жүрген жігіттер осындай мүддеде Отанға қызмет етіп жүрген болса, оларды Отанның нағыз адал ұлдары дер едім. Шекарамыз бүтін, ел іші тыныш болсын! Ұлттық ұланның ұландары жасай берсін!

– **Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рахмет!**



Әңгімелескен  
Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ



**Сіздің Ұлттық ұлан жайлы журналыңыз**